

# ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті №8-9 (30) тамыз-қыркүйек 2019 жыл Газет 2016 жылғы 14 қазаннан бастап шыға бастады

## СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы



### Құрметті отандастар!

#### Құрметті депутаттар, үкімет мүшелері!

Баршанызды жаңа парламенттік маусымның басталуымен құттықтаймын!

Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз.

Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы ансаған арманын орындады.

Осы уақыт ішінде Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен еліміз әлемдегі беделді әрі орнықты мемлекетке айналды.

Баянды бірлігіміздің арқасында

тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық.

Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды.

Еліміздің даму жолын бүкіл әлем мойындап, қазақстандық, яғни Назарбаев моделі деп атады.

Қазір бізге тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр.

Біз бұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз.

Өздеріңізге белгілі, осының бәрі менің сайлау алдындағы бағдарламама негіз болды.

Қазір мемлекеттік органдар оны жүзеге асыру үшін тиісті жұмыстар жүргізуде.

Мен халыққа берген уәделерімді міндетті түрде орындаймын.

Біз өз жұмысымызда Елбасы ұсынған Бес институционалды реформа мен Ұлт жоспарын толыққанды жүзеге асыру қажеттігін басты назарда ұстауымыз керек.

Елбасымыздың бастамасымен құрылған Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның жұмысын қайта жандандыру қажет.

Енді ортақ міндеттерімізді және сайлауалды бағдарламамды іске асыруға қатысты ой-пікірлеріме тоқталайын.

→2-3

### БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

## МИНИСТР МУЗЕЙДІҢ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова Түркістанға іссапары барысында «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің Сапар орталығы және Қожа Ахмет Ясауи музейінің құрылыс жұмыстарымен танысты.



Ведомство басшысы Түркістан қаласында тұңғыш рет бой көтеріп жатқан Сапар орталығының ерекшелігі мен маңызына тоқталған министр ғимаратты музей жабдықтарымен қамтамасыз ету және туристерге ыңғайлы орта қалыптастыру мен экспозициялық залдарды жабдықтау бойынша министрлік тарапынан тиісті жұмыстар атқарылатынын айтты.

Ортағасырлық Күлтөбе қалашығындағы 4 гектарға жуық аумақта жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстарымен танысқан министр зерттелген аумақтарға дер кезінде консервация және реставрация жұмыстары жүргізілуін тапсырды. Сондай-ақ Күлтөбе қалашығының цитаделіндегі жабындыны ауыстыру жөнінде арнайы тапсырмалар жүктеді.

«Күлтөбе» қалашығындағы ғылыми-зерттеу және реставрация жұмыстары ескерткіштің барлық тарихи кезеңдерін анықтап, нәтижесінде қалашықты ашық аспан астындағы музейге айналдыруға бағытталған. Қазіргі Түркістан қаласының түп тарихын зерттеу – тарих ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Қаланың осы кездегі тарихын зерттеу арқылы төл мемлекетіміздің өткен тыныс-тіршілігінің қыр-сырларын тануға болады.

Мұнда ел тағдырын шешкен мәслихаттар өткен, хан сайлаған құрылтайлар болған. «Күлтөбе» қалашығы «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі РМҚК ескерткіштер тізіміндегі Республикалық маңызы бар ескерткіш және Қазақстандағы көне қала орны. Қалашық Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай – 350 метр жерде орналасқан. Ақтоты Рахметоллақызы Түркістан қаласына жасаған сапары барысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етіп, бабалар рухына тағзым етті. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және Рәбия Сұлтан Бегім ана кесенесі мен сегіз қырлы сағана, цитадельдің ортағасырлық көшесінде жүргізілетін қайта жаңғырту және музейлендіру жұмыстарын пысықтады. Сонымен қатар 7 мың орынға шақталған стадион және олимпиадалық резервтегі спорт мектебі, драма театр мен кітапхана, «Ұлы дала елі» орталығының да құрылыс жұмыстары және нысандарды білікті кадрлармен толықтыру мәселелері бойынша ойын нақтылады.

### 30 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН ЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ



## «АТА ЗАҢ – КЕМЕЛДІЛІК КЕПІЛІ»

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен «Ата заң – кемелділік кепілі» атты іс-шара болып өтті.

Шара аясында ұйымдастырылған көрмеге еліміздің басты Заңның тарихынан сыр шертетін ғылыми-көпшілік кітаптар мен суреттер, Елбасы Н.Ә.Назарбаев пен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың адам құқықтары туралы қанатты сөздері және Конституция баптарынан үзінділер қойылды.

Мәдени көпшілік басқосуға қалалық Ардагерлер Кеңесінің мүшелері мен Түркістан қаласының Құрметті азаматтары және «Өзірет Сұлтан» қорық-музейінің қызметкерлері мен музейге келушілер қатысты.

Жиында 1924, 1937, 1978, 1993, 1995 жылдары қабылданған Конституциялар жөнінде «Өзірет Сұлтан» қорық-музейінің кіші ғылыми қызметкері Индира Жолішева баян-



дама оқып, өзге де қатысушылар Ата Заң туралы ой бөлісті.

Сондай-ақ, шараға арнайы келген өнерлі жастар патриоттық әндер айтып, жас көркемсөз шеберлері Қазақстан, Ата Заң, Түркістан жайлы шығармалар оқыды.

### 29 ТАМЫЗ – ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІС-ҚИМЫЛ КҮНІ

## «ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚ – МӘҢГІЛІК ЖАРА СЫЗДАҒАН»

29 тамыз – Бүкіләлемдік ядролық қарудан бас тарту күніне орай өткен Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен «Ядролық сынақ – мәңгілік жара сыздаған» атты фото көрмені тамашалауда.

«Семей ядролық сынақ полигоны» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Құралтай Салықбаев, аталған бірлестіктің мүшелері Сәрсенбай Сейсенбеков, Тайыр Нәбиев және «Өзірет Сұлтан» қорық-музейінің қызметкерлері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Көрмені «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі директорының орынбасары Мұрат Тастанбеков ашып берді.

«2010 жылдың 29 тамызы – Бейбітшілік пен ядролық қатерді болдырмау үшін аса маңызды. Қазақстанның бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қолдауымен бұл күн БҰҰ-ның күнтізбесіне енгізілгені белгілі. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы



Назарбаевтың 1991 жылғы 29 тамыздағы Жарлығымен Семей ядролық полигоны жабылды. Қазақстан – мұндай қадамға барған алғашқы ел. Тарихи бастама – дені сау, қайғысыз болашақ үшін жасалған серпінді қадам болды», деді Мұрат Мейірбекұлы.

Шараға қатысушы қонақтар ядросыз

бейбіт тіршілік пен әлем алдындағы айшықты қадамдар жайлы өз пікірлерін білдірді.

Көрмеге ядролық сынақтың қауіп-қатері мен адамзат баласына әкелген сұрапыл қасіреті, денсаулыққа тигізген зияны туралы 50-ге тарта фото суреттер қойылды.

ҚАЗАҚТЫҢ  
БАС АҚЫНЫ

→5

АҚ БІЛЕКТІҢ  
КӨРКІ – БІЛЕЗІК

→7

«ЕСІҢЕ МЕНІ  
АЛҒАЙСЫҢ»

→8

# СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың



## ← 1 I. Заман талабына сай тиімді мемлекет

Мен уәде еткен саяси жаңғыру үдерісі азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүдделерін сәйкес **біртіпден үздіксіз жүзеге асырылатын болады.**

Негізсіз, жүйесіз саяси ырықтандыру елдің ішкі саяси ахуалының тұрақсыздығына, тіпті мемлекеттіліктен айырылуға әкеліп соғатынын әлем елдерінің тәжірибесінен көріп отырмыз. Сондықтан біз саяси реформаларды «асығыстыққа салынбай», керісінше, кезең-кезеңмен, табанды түрде және жан-жақты ойластырып жүзеге асыратын боламыз.

Еліміздің **қоғамдық-саяси** өмірін жаңғыртпай, табысты **экономикалық** реформаларды іске асыру **мүмкін емес.** Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз.

**«Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет».**

Біз мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет.

Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет **тұрақтылығының негізі** саналады.

Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын **«Халық үніне құлақ асатын мемлекет»** тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет.

Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады.

Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет.

Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерін қамтитын **Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін** құрдық. Бұл кеңес ротациялық тәртіптен жұмыс істейді.

Алдағы уақытта бізге мынадай шараларды жүзеге асыру керек.

**Бірінші. Партия құрылысы үдерісін жалғастыру.**

Көшбасшымыз және партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында Nur Otan партиясы еліміздің жетекші саяси ұйымына жүктелетін күрделі әрі жауапты міндеттерді дәйекті түрде іске асырып келеді.

Біз қоғам иілігі үшін сындарлы саясат жүргізіп келе жатқан басқа да **саяси партиялармен және қозғалыстармен** ынтымақтастықта жұмыс істейміз қажет.

Қоғамды толғандырып отырған негізгі мәселелер көшеде емес, Парламентте және азаматтық диалог аясында талқыланып, шешімін табуы тиіс.

Депутаттар Үкіметке өзекті мәселелерге қатысты сауалдарын жолдап, нақты шаралар қабылдауды талап ете отырып, өздеріне берілген заңды құқықтарын пайдалануы қажет.

Заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы қарым-қатынас жасанды тартысқа емес, іскерлік сипатқа, **өзара құрметке негізделуі тиіс.**

Мемлекет басшысы ретінде елімізде **көшпартиялықты, саяси бәсекелестікті және ой-пікірдің сан алуандығын дамытуға** ықпал етуді өз міндетім деп санаймын.

Бұл саяси жүйе тұрақтылығының ұзақ болуы үшін маңызды.

Алдағы Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауы еліміздегі көшпартиялық жүйенің дамуына оң ықпал етуі тиіс.

**Екінші. Халықпен тиімді кері байланыс орнату.**

Қоғамдық диалог, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару мемлекеттік органдар қызметінің **негізгі басымдықтары** саналады.

Президент Әкімшілігінде азаматтардан келіп түскен өтініштерді мемлекеттік органдардың сапалы қарауын қадағалап, жедел шаралар қабылдайтын бөлім құрылды.

Көп жағдайда азаматтарымыз орталық және жергілікті органдар басшыларының құлықсыздығы мен «бейқамдығына» байланысты Президентке жүгінуге мәжбүр болады.

Белгілі бір саладағы шешімдердің әділетсіздігіне қатысты жолданатын көптеген шағым нақты мемлекеттік органда немесе аймақта күрделі түйткілдер бар екенін көрсетеді. Енді бұл мәселеге дәл осы тұрғыдан қарап, тиісті шешімдер қабылдаған жөн.

Мемлекеттік қызметшілер жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында арнайы дайындығы бар жас кадрларды тарту қажет. Сонымен бірге 2020 жылдан бастап біз **мемлекеттік қызметшілердің санын біртіпден қысқартуға кірісіп, үнемделген қаражатты неғұрлым пайдалы қызметкерлерді ынталандыруға жұмсаймыз.**

2024 жылға қарай мемлекеттік қызметшілердің және ұлттық компаниялар қызметкерлерінің санын **25 пайызға** қысқарту қажет.

**Үшінші. Митингтер туралы заңнаманы жетілдіру.**

Конституцияға сәйкес азаматтарымыздың өз ойын еркін айтуға құқығы бар. Егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністікпен қарап, жиындарды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажет. Мұндай орындар қаланың шетінде болмауы тиіс.

Алайда заңға қайшы және бұзақылық әрекеттерге шақыратын үндеулерге заң шеңберінде тосқауыл қойылады.

**Төртінші. Қоғамдық келісімді нығайту.**

Әлеуметтік және этностық топтар арасындағы келісім – **бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі.**

Осыған орай саяси үрдістерді саралап, **бірлігімізді нығайта түсу** үшін нақты шаралар қабылдау керек.

Қазақ халқының **мемлекет құраушы ұлт ретіндегі** ролін бекемдеп, этносаралық татулық пен динаралық түсіністікті қалыптастыра беруге қажет.

Біздің ұстанымымыз: **«Ел бірлігі – оның ардаулығында».**

Еліміздегі этностық топтардың тілі мен мәдениетін дамытуға жағдай жасай береміз.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі ролі күшейіп, **ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі** келеді деп есептеймін.

Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бізміз **даңғазға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз** керек.

Сондай-ақ тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн.

Белсенді азаматтық қоғам құру үшін **үкіметтік емес ұйымдардың беделін арттыру** қажет деп санаймын.

Сондықтан жақын арада **Азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын** әзірлеп, қабылдауымыз керек.

Келер жылы аталып өтетін маңызды мерейтойлар мен елеулі оқиғаларға дайындық жұмыстары басталды.

Ендігі жылы **Бәріміз әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абыл Құнанбайұлының 175 жылдық** мерейтойларын атап өтеміз.

Мерейтой барысында **ысырапшылыққа жол бермей, ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында дәріп-теуіміз керек.**

Сондай-ақ ең маңызды мерекеге – **Тәуелсіздіктің 30 жылдығына** байланысты тиісті іс-шараларды іске асыруымыз қажет.

Ел өміріндегі осындай елеулі оқиғалар жас ұрпақты **нағыз отаншылдыққа** тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін.

## II. Азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформалар – азаматтарымыздың құқықтарын қорғаудың және олардың қауіпсіздігін күшейтудің негізгі факторы.

**Сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін** бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажет.

Судьялардың заңды және ішкі сенімді басшылыққа алып, шешім шығару құқығымызғамас сипатқа ие.

Дегенмен, сот шешімдерін мұқият талдау жұмысын жолға қойып, бірінғай сот тәжірибесін орнықтыру қажет.

Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда теңсіздік ахуалында қалып жатады.

Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстырғанда келмейді.



Аталған дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азаматқа немесе бизнеске емес, **мемлекеттік органға жүктелетін болады.**

Заңнамадағы барлық қарама-қайшылықтар мен дұдмал тұстар **азаматтардың мүдделерін ескере отырып, түсіндірілуі тиіс.**

Келесі бір маңызды мәселеге тоқталайын.

Біз шамадан тыс қудалау шаралары мен сот төрелігінің қатаң жазалау тәжірибесінен бас тарттық. Алайда елімізде ауыр қылмыстардың саны азаймай тұр.

Біз заңнамамызды ізгілендіру ісіне көбірек мән беріп, **азаматтардың негізгі құқықтарын** назардан тыс қалдырдық.

**Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық** және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсырамын.

Соңғы уақытта болған қайғылы оқиғалар ұйымдасқан қылмыстың тағы бір түрі – **браконьерлік проблемасының** бетпердесін ашты.

Бүгінде браконьерлер сақандай-сай жабдықталып, қаруланған және өздерінің жазалана қоймайтынына сенімді. Биылдың өзінде жануарлар әлемін қорғап жүрген екі инспектор браконьерлердің қолынан қаза тапты.

Жақинда Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл көлінде браконьерлердің қылмыстық тобы ұсталды.

Бұл тек бір ғана мысал, алайда браконьерліктің тамыры тереңге жайылған, соның ішінде бұл құқық қорғау органдарының салғырттығынан болып отыр. Браконьерлер ұлттық байлығымыз – табиғатымызға аяусыздықпен орны толмас зиян келтірді.

Үкіметке екі ай ішінде тиісті заңнаманы қатайту үшін шұғыл шаралар қабылдауды тапсырамын.

**Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күресу** мәселесі күн тәртібінен түскен жок.

Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне **сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу** ісін қайта қалпына келтіру қажет.

Бұған сарапшылар мен қоғам өкілдері де атсалысуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасалған **мекеменің бірінші басшысының жауапкершілігін** заңнамалық және нормативтік тұрғыдан нақты белгілеу керек.

Сондай-ақ **заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек.** Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жок.

**Кінәсіздік презумпциясы қағидаты** толық көлемде сақталуы тиіс.

**Құқық қорғау жүйесін толық реформалау** – аса маңызды міндеттердің бірі.

Полицияның мемлекеттік күштік құрылымындағы бейнесі бірте-бірте өзгеріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін азаматтарға **қызмет көрсететін органға** айналады.

Ең алдымен 2020 жылдың аяғына дейін **Әкімшілік полиция комитетінің жұмысын қайта ұйымдастыру** қажет. Мұны науқаншылдыққа айналдырмай, сапалы жүргізген жөн.

Полициялар жұмысының тиімділігі полиция қызметінің **беделді болуына** байланысты.

Ішкі істер министрлігін реформалауға алдағы үш жыл ішінде **173 миллиард теңге** бөлінеді.

Бұл қаражат еңбекақыны көбейтуге, баспананы жалға алуға, халыққа қызмет көрсету қағидаты бойынша полицияның заманауи фронт-офистерін ашуға жұмсалады.

Азаматтарды **табиғи құбылыстар мен техногендік сипаттағы апаттардан қорғау** мәселесіне баса мән беріледі.

Өкінішке қарай, мұндай апаттар біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде жиілеп кетті.

Бұл салада кәсіби мамандар жұмыс істеуі керек.

Үкіметке **азаматтық қорғаныс саласы қызметкерлерінің еңбекақысын Ішкі істер органдарын реформалау үшін берілетін қаражат есебінен көбейтуді** және осы мақсатқа сәйкес шамамен **40 миллиард теңге** бөлуді тапсырамын.

Біздің алдымызда жаңа тұжырымдама негізінде **тегеурінді әскер қалыптастыру міндеті** тұр.

Арыста болған оқиғалар Қарулы Күштерде түйткілді мәселелер қордаланып қалғанын көрсетті.

Әскерге жұмсалатын шығыстарды реттеп, осы саладағы қаржы жүйесін және жалпы тәртіпті нығайтатын кез келді.

Сонымен бірге әскери қызметтің беделін арттырып, Қарулы Күштердің материалдық базасын нығайту қажет.

Отанына адал, кәсіби тұрғыдан дайындалған офицерлері мен әскери қызметшілері бар армиямыз жаңа геосаяси жағдайларда ел қауіпсіздігіне қауіп төндіретін қатерлерге тойтарыс беруге дайын болу керек.

## III. Қарқынды дамыған және инклюзивті экономика

Қазақстан экономикасы жаһандық сипаттағы қиындықтарға қарамастан, алға ілгерілеп келеді.

Жыл басынан бері оның өсімі орташа әлемдік көрсеткіштен жоғары болды.

Егер қажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асырсақ, **2025 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің жыл сайынғы тұрақты өсімін 5 пайызға және одан да жоғары деңгейге** жеткізуге болады.

Экономиканың дамуына тың серпін беру үшін Үкімет пен Президент Әкімшілігі отандық және шетелдік сарапшылардың барлық жұмыстарын мұқият саралауы қажет.

Елбасы ұсынған 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясына және Ұлт Жоспарына сәйкес бірқатар құрылымдық міндеттерді іске асыруымыз керек.

**Бірінші. Шикізатқа байланған менталитеттен бас тартуы, экономиканы әртараптастыру.**

«Білім экономикасы», еңбек өнімділігін арттыру, инновацияны дамыту, жасанды интеллекті жаһандық дамудың негізгі факторларына айналады.

**Индустрияландырудың үшінші бесжылдығын** жүргізу барысында жіберілген барлық қателіктерді, олқылықтарды ескеруіміз керек.

Бұл мәселелер бойынша менің барлық тапсырмаларымды, ескертпелерімді Үкімет толық орындауға міндетті.

**Еңбек өнімділігінің нақты өсімін кем дегенде 1,7 есеге** арттыруымыз керек. Елімізді **өңірдегі көшбасшы** ретінде танытып, Орталық Азиядағы беделімізді арттыру – **стратегиялық міндет.**

Бұл – Елбасы айқындаған **саяси бағыт-бағдарымыз.**

**Екінші. Квазимемлекеттік сектордың қайтарымын арттыру.**

Біздің мемлекеттік компаниялар **ірі конгломераттарға** айналды. Бірақ олардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігі күмән тудырады.

Мемлекеттің экономикаға орынсыз араласуын азайту мақсатымен квазимемлекеттік компаниялар **құруға мораторий** енгізу жөнінде шешім қабылдады.

Біз **Ұлттық әл-ауқат қоры** құрылған 14 жыл ішінде халықтың әл-ауқатын арттыруға Кордың нақты қандай үлес қосқанын білуіміз керек.

Үкімет Есеп комитетімен бірлесіп, үш айдың ішінде мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың **тиімділігін анықтау үшін талдау жүргізуі** тиіс.

Квазимемлекеттік компаниялар көп жағдайда өзара бәсекеге түседі.

Тұрғын үй саясаты саласында бір мезетте **7 мемлекеттік оператор** жұмыс істейді. Бұл тек орталық деңгейдегі ахуал!

**Мемлекеттік компаниялардың санын қысқартуға болады және солай ету керек.**

Бірақ **стратегиялық секторларда** жұмыс істейтін мемлекеттік компаниялардың қызметіне мұқият болған жөн.

Ондай компаниялар мемлекет бақылауында болуы тиіс.

Әйтпесе, мемлекеттік монополистердің орнына жеке монополистер пайда болып, соның салдарынан зардап шегуіміз мүмкін.

Үкімет **баға белгілеу және тарифтер мәселесімен** жүйелі әрі нақты айналысуы керек.

Бұл **табиғи монополистердің** тауарларына да, көрсететін қызметтеріне де қатысты.

Елімізде азық-түлік пен киім-кешектен бастап, түрлі қызметтерге дейін **бағаның жоғары** екені жасырын емес.

Мысалы, сұранысы жоғары бағдарлар бойынша негізгі әуе тасымалдаушы белгілейтін билеттердің құны неге сонша қымбат? Оның бағасы Еуропаға қарағанда **30 пайызға артық.** Біздің әуежайда көрсетілетін қызметтер құнының салыстырмалы түрде жоғары болуын қалай түсіндіруге болады?

Қазақстан әуежайларында жанармай шетелдік тасымалдаушылар үшін қымбат бағаға, ал отандық тасымалдаушыларға арзанға сатылатыны неліктен?

Соның салдарынан Қазақстанның авиация саласы халықаралық бәсекеге қабілеттілігінен айырылып, транзиттік әлеуетіміз төмендеп кетті.

**Тиісті министрлік пен ведомстволардың салғырттығына байланысты** темір жол билеттерінің тапшылығы қолдан жасалып отыр.

Бұл салаларда тез арада тәртіп орнату керек.

Біздің мақсатымыз – мемлекеттің тұрақтандырушы ролін сақтай отырып, **нарықтық институттар мен құрылымдардың** толыққанды дамуын қамтамасыз ету.

Осы ретте «қарапайым заттар экономикасын» естен шығармаған жөн. Бұл – біздің жұмысымыздың басым бағыты.

**Үшінші. Тиімді шағын және орта бизнес – қала мен ауылды дамытудың берік негізі.**

**Шағын, әсіресе микробизнес** еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады.

# ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

## Қазақстан халқына Жолдауы



Атап айтқанда, ең алдымен, ауыл тұрғындарына тұрақты жұмыс береді, жұмыссыздықты азайтады. Сонымен қатар салық базасын құрап, жергілікті бюджетті нығайтады.

Сондай-ақ жаппай кәсіпкерлікті дамыту санаға сіңген патерналистік пиғыл мен масылдықтан арылуға мүмкіндік береді.

Сондықтан мемлекет алдағы уақытта да бизнеске қолдау көрсете береді. Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 100 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Бірақ сарапшылардың пікірінше, қаржылай қолдаудың игілігін жергілікті билікпен байланысы бар шаруашылықтар ғана көріп отыр.

Шын мәнісінде, жаңа жобалар бойынша компаниялар құрылып, жұмыс орындары ашылуы керек еді.

Бұл «қарапайым заттардың экономикасына» тікелей байланысты.

Бірақ жергілікті әкімдер ұйымдастыру жұмыстарын талапқа сай орындамаған. Соның салдарынан салық және зейнетақы төлемдерін арттырып, жергілікті бюджетті нығайтуға жағдай жасалып отырған жоқ.

Осыған орай Есеп комитетіне және Қаржы министрлігіне қаражаттың жұмсалуды қатаң бақылауға алуды тапсырамын.

Елімізде кәсіпкерлікті дамытудың үлгі боларлық мысалдары жеткілікті. Біз шағын кәсіпкерлікті бүкіл қоғам болып қолдауымыз керек.

Үкіметке микро және шағын бизнес саласындағы компанияларды табысқа салынатын салықтан үш жылға босату үшін заңнамалық база әзірлеуді тапсырамын.

Заңнамаға енгізілетін тиісті түзетулер 2020 жылдан бастап күшіне енуі керек.

2020 жылғы қаңтардан бастап, микро және шағын бизнес субъектілеріне тексеріс жүргізуге үш жылға тыйым салу туралы шешіміміз күшіне енеді.

Біз бизнестің адал әрі заңға сәйкес жүргізілетініне сенеміз. Бизнес өкілдері тұтынушылар мен азаматтар алдында жауапты болуы тиіс.

Мораторий кезеңінде өзін өзі реттеу, қоғамдық бақылау тетіктерін жандандыру керек.

Бизнес өкілдері санитарлық-эпидемиологиялық саладағы нормалар мен ережелерді бұзатын болса, ондай компаниялар жабылып, иелері жауапкершілікке тартылады.

Осылайша, шағын бизнеске түсетін ауыртпалықты азайтамыз.

Сонымен қатар бизнес өкілдері құқық қорғау және тексеруші органдардың іс-әрекетіне байланысты көптеген қиындыққа тап болуда.

Шағын және орта бизнеске қатысты рейдерлік әрекеттер жиілеп кетті.

Бұл мәселе жөніндегі ұстанымым белгілі: бизнестің, әсіресе шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтіретін әрекеттер мемлекетке қарсы қылмыс деп танылуы тиіс.

Осыған орай заңнамалық сипаты бар қосымша шаралар қабылдау қажет. Парламент пен Үкімет осы мәселені шешу жолдарын ұсынуы керек.

Сонымен қатар көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылды күшейтіп, капиталды сыртқа шығаруға, салық төлеуден жалтаруға қарсы күресті жандандыру қажет.

Шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсету жүйесін жаңа жобаларға басымдық бере отырып, қайта құру қажет.

Үкіметке «Бизнестің жаңа жол картасы» аясында осы мақсатқа сәйкес алдағы үш жыл ішінде қосымша 250 миллиард теңге бөледі тапсырамын.

Әлеуметтік бағыттарға – отбасы бизнесін құруға, ең алдымен, көп балалы және жағдайы төмен отбасыларға баса мән бере отырып, бизнеске қолдау көрсетуді жаңа тәсілдерін енгізу керек.

Туризмді, әсіресе экотуризм мен этнотуризмді дамытуға экономиканың маңызды саласы ретінде баса мән беру қажет.

Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн.

Туризмді дамыту үшін қажетті инфрақұрылым жүргізуді, соның ішінде жол салып, білікті мамандар дайындауды қамтамасыз ету қажет.

Төртінші. Ұлттық бизнеске халықаралық нарықтарға қолдау көрсету.

Өз өнімді экспортқа шығаратын компанияларға мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімділігін барынша арттыру керек.

Мен, ең алдымен, орта бизнес туралы айтып отырмын.

Біз кәсіпкерлердің осы тобына арналған нақты мемлекеттік қолдау шаралары жоқ. Бұл, әсіресе, өнімді сату ісіне қатысты.

Үкіметке мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында өнімділігі жоғары орта бизнеске қолдау көрсетудің кешенді шараларын әзірлеуді тапсырамын. Соның ішінде салықтық, қаржылық, әкімшілік ынталандыру мәселелері көзделуі тиіс.

Шетелден тікелей инвестиция тарту жұмыстарын барынша жандандыру қажет. Онысыз алдағы уақытта экономикалық өсім резерві шектеулі болады. Бұл – атқарушы билік басымдық беруі тиіс міндеттердің бірі.

Қазақстанның 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары аясында әрбір сала мен өңір үшін нақты мақсатты көрсеткіштер белгіленген.

Мемлекеттік органдар, әсіресе, өңір әкімдері сол көрсеткіштерге қол жеткізуге тікелей жауапты болады.

Қазақстан цифрлық экономиканы дамытуға көзделіп отыр.

Осыған орай көп жұмыс атқаруымыз керек.

Біздің міндетіміз – ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымның даму деңгейі бойынша өңірдегі көпбасшылықты нығайту.

Үкімет заңнаманы 5G, «Ақылды қалалар», «Үлкен деректер», блокчейн, цифрлық активтер, жаңа цифрлық қаржы құралдары сияқты тың технологиялық құбылыстарға бейімдеу қажет.

Қазақстан технологиялық серіктестік орнату, мәлімет орталықтарын құру және орналастыру, мәліметтер транзитін дамыту, цифрлық қызметтердің жаһандық нарығына қатысу үшін ашық юрисдикция ретінде өзіндік брендке айналуы тиіс.

Үкімет «Астана» халықаралық қаржы орталығының қызметіне қолдау көрсете беруі керек. Бұл құрылым, шын мәнінде, конституциялық мәртебеге ие болды. Халықаралық қаржы орталығының Назарбаев Университетпен бірлесіп, заманауи цифрлық технологияларды дамыту алаңына айналуына толық мүмкіндігі бар.

Бесінші. Дамыған агроөнеркәсіп кешені.

Ауыл шаруашылығы – біздің негізгі

ресурсымыз, бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр.

Ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар.

Біз суармалы жер көлемін кезең-кезеңмен 2030 жылға қарай 3 миллион гектарға дейін ұлғайтуымыз керек.

Бұл ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін 4,5 есе арттыруға мүмкіндік береді. Сауда және интеграция, ауыл шаруашылығы министрліктері фермерлерге өз өнімін сыртқа шығарып сату үшін барынша қолдау көрсетуі тиіс.

Осыған орай Үкіметке тиісті тапсырма берілді. Бұл – маңызды міндет.

Ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау ісінде шикізатқа негізделуден бас тарту керек.

Өнім өндіетін кәсіпорындар әлеуетінің 40 пайызы ғана пайдаланылып отырғанына қарамастан, оның көлемі 70 пайызға жетті.

Ауыл шаруашылығына шетелден инвесторлар тарту – маңызды міндет. Келіссөздер жүргізіліп жатыр. Үкімет нақты нәтижеге қол жеткізуі керек.

Жұртшылықты толғандырып жүрген жер мәселесіне арнайы тоқталғым келеді.

Мемлекет басшысы ретінде тағы да мәлімдеймін: жеріміз шетелдіктерге сатылмайды. Оған жол берілмейді.

Бұл мәселе бойынша қауесет таратуды доғару керек. Бірақ жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету – біздің міндетіміз.

Жер ресурстарын тиімсіз пайдалану мәселесі өте өзекті болып отыр.

Жерге салынатын тікелей салықтар деңгейінің төмендігі жағдайды күрделендір түсті.

Мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі жерді игермей, босқа ұстап отыр.

Елімізде «шөп қорыған иттің» кебіні қиған «латифундистер» көбейіп кетті.

Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алатын кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім игерсе, соған тиесілі болуы тиіс.

Үкімет пен Парламент осы түйткілікті реттеудің тиімді жолдарын ұсынуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Мұны шешпей, отандық агроөнеркәсіп кешенінің сапалы дамуы мүмкін емес.

Бүгінде ет өндірісін ұлғайту мәселесі аналых мал басының проблемасына тіреліп тұрған жоқ, керісінше фермерлерге жемшоп дайындайтын жерлердің жетіспеушілігіне байланысты болып отыр.

Ауыл тұрмысының сапалы болуын қамтамасыз етпей, ауыл шаруашылығын өнімділігін арттыру мүмкін емес.

Біз Елбасының «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Біз шағын елді мекендерді дамытуға қатысты өте күрделі мәселені шешуіміз қажет.

Өңірлік стандарттар әзірленді. Енді оларды үш мыңнан астам негізгі және қанаттас ауылдық елді мекендерге енгізу қажет.

Үкіметке «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыру үшін биыл бөлінген 30 миллиард теңгеге қосымша алдағы үш жыл ішінде 90 миллиард теңге бөледі тапсырамын.

Бұл қаражат көлік, ауыз су және газбен қамтамасыз ету сияқты инфрақұрылымдық мәселелерді шешумен қатар, мектеп,

аурухана, спорт алаңдарын салуға және жөндеуге жұмсалады.

Қаржының жұмсалуды барлық мемлекеттік органдардың қатаң бақылауында болуы тиіс.

Алтыншы. Әділетті салық салу жүйесі және тиімді қаржылық реттеу.

Жалпы ішкі өнім мен халық табысының артуына қарамастан, қоғамдағы мүлкікті жіктелу үдерісі сақталып отыр, тіпті күшейіп барды.

Бұл – алаңдатарлық фактор. Сондықтан оған ерекше назар аудару керек.

Ұлттық табыстың әділ бөлінуіне баса мән бере отырып, салық жүйесін жаңғырту қажет деп санаймын.

Үкімет әлеуметтік төлемдер көлемінің артып келе жатқанына да назар аударуы тиіс.

Бір жағынан, бұл алымдар әлеуметтік және зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бірақ, жұмыс берушілер жұмыс орындарын ашуға және еңбекқанын арттыруға мүдделі болмай қала ма деген қауіп бар.

Көлеңкелі бизнес белең алады.

Сондықтан Үкіметке 5 пайыздық қосымша зейнетақы төлемін енгізу мәселесін 2023 жылға дейін шегеруді тапсырамын. Кейін бұл мәселеге қайта ораламыз.

Осы уақыт ішінде Үкімет, бизнес өкілдері мен сарапшылар мәселені шешудің жолдарын қарастырып, болашақ зейнеткерлердің де, жұмыс берушілердің де мүдделерін ескере отырып, ортақ шешімге келуі тиіс.

Үкімет Салық кодексінде қарастырылмаған барлық төлемдерге тыйым салу қажет. Бұл, шын мәнісінде, қосымша салықтар.

Қазіргі салық жүйесінің сапасын арттыру – өз алдына бөлек мәселе.

Мұндай жағдай компанияларды өз инвестициясын адам капиталына, еңбек өнімділігін арттыруға, техникалық тұрғыдан қайта жабдықтауға, экспортқа салуға ынталандыруы тиіс.

Қолма-қол ақшасыз төлеу жүйесін жаппай енгізу керек. Бұл үшін тежейтін фактордың бірі саналатын банктердің жоғары үстеме алымын жою қажет. Сондай-ақ тиісті реттеу ережелеріне сәйкес банктік емес төлем жүйесін белсенді дамыту керек. Бұл сегмент қарапайым әрі тартымды болғанымен, ақша жымқырудың және еліміздің капитал шығарудың көзіне айналмауы тиіс.

Ұлттық банк осы салаға нақты бақылау орнатуы қажет.

Келесі мәселе. Шикізаттық емес өнімнің экспорттына қолдау көрсету үшін қосымша құн салығын қайтарудың қарапайым әрі жылдан тәртібін қолдану мәселесін қарастыру керек.

Экономиканың өте түйткілді мәселелерінің бірі – кредит беру көлемінің жеткіліксіздігі. Соңғы бес жыл ішінде заңды тұлғаларға, сондай-ақ шағын және орта бизнеске берілген кредиттің жалпы көлемі 13 пайыздан аса қысқарған.

Екінші деңгейдегі банктер қарыз алушылар ішінде сенімділерінің аз екенін сылтауратып, кредит қаражатының құнын шамадан тыс арттырып жібереді.

Әрине, қарыз алушылардың сапасына қатысты мәселе бар. Бірақ жауапкершілікті басқаға артып, тек қана жеңілдің астымен жүруге болмайды.

Мен бұл мәселеге қатысты Үкімет пен Ұлттық банк үйлесімді әрі тиімді жұмыс жүргізеді деп ойлаймын.

Тағы бір мәселе – халықтың, әсіресе әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтардың тым көп несие алуы. Мұның өзі шұғыл шаралар қабылдауға алып келді. Сіздер бұл жөнінде билесіздер.

Бұл мәселе әлеуметтік және саяси түйткілдерге ұласты.

Сондықтан Үкімет пен Ұлттық банкке екі ай ішінде мұндай жағдайдың қайталанбауына кепілдік беретін тетіктерді енгізу үшін дайындық жүргізуді тапсырамын.

Ақша-кредит саясаты тиімділігінің жеткіліксіздігі еліміздің экономикалық дамуын тежейтін себептің бірі болып отыр. Екінші деңгейдегі банктердің бизнеске кредит беру ісінің қолайлы әрі ұзақ мерзімді болуын қамтамасыз ету керек.

Жыл соңына дейін Ұлттық банк екінші деңгейдегі банктердің активтерінің сапасына тәуелсіз бағалау жүргізу жұмысын аяқтауы қажет.

Жетінші. Ұлттық қорды тиімді пайдалану мәселесі.

Ұлттық қор қаражатының ағымдағы мәселелерді шешуге жұмсалуды қысқарту қажет.

Бұл – келешек ұрпақтың қаржысы. Ұлттық қордың трансферттері бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруға бағытталған бағдарламаларды және жобаларды жүзеге асыру үшін ғана бөлінуі керек.

Кепілдендірілген трансферт көлемі 2022 жылдан бастап бірте-бірте 2 триллион теңгеге дейін азаюы тиіс.

Қор қаржысын пайдаланудың анағұрлым тиімді инвестициялық саясатын жүргізген жөн.

Үкіметке Ұлттық банкпен бірлесіп, жыл соңына дейін Ұлттық қордың қаржысына иелік етуді жетілдіру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын.

Сегізінші. Еңбекке қол жеткізу деңгейін арттыру.

Кен өндіру саласындағы ірі кәсіпорындардың табысы артқанмен азаматтарымыздың жалақысы айтарлықтай өспегенін көріп отырмыз.

Халықтың әлеуметтік жағдайы туралы айтылып отырғандықтан, Үкімет бұл мәселеде табандылық танытуы керек.

Үкіметке еңбекке қол жеткізу үшін жұмыс берушілерді ынталандыру мәселесін пысықтауды тапсырамын.

### IV. Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі

Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу.

Әлеуметтік салада мынадай бағыттарға баса мән беру керек.

Бірінші. Білім беру сапасын жақсарту.

Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ.

Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған.

Жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады.

Жастардың бұл тобы жұмыссыздар мен маргиналдардың негізін құрайды. Олар амальның жоқтығынан қылмыстық және экстремистік ағымдардың иқпалына түседі.

Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшіміз қажет.

Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс.

Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек.

Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы алшақтап барады.

Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы.

Сондықтан «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет.

Үкіметке келесі жылдан бастап осы бағдарламаны қаржыландыруды 200 миллиард теңгеге жеткізуді тапсырамын.

Дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек.

Аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау үшін Үкіметке Дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеуді тапсырамын.

Үкімет пен әкімдер осындай балалардың үйірмелер мен орталықтарға, жазғы лагерлерге баруы үшін мүмкіндік жасауы керек.

Енді жоғары білімнің сапасына жеке тоқталғым келеді.

Өз тұлғалары жұмыспен қамту жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана 60 пайыздық деңгейге қол жеткізіп отыр.

Сондықтан олардың санын қысқарту мәселесін қарау керек.

Терең білім берудің орнына диплом сатумен айналысқан университеттеріміз бар екені де жасырын емес.

Бірінші кезекте соларға тыйым салу арқылы біз оқу орындарындағы білім беру сапасын арттыруға күш саламыз.

Білім саласына қатысты тағы бір мәселе – қаржыландырудың біркелкі болмауы және өңірлік басқарудың қазіргі жүйесінің тиімсіздігі.

Білім бөлімдерін басқару және бюджет қаржысын әкімшілендіру функцияларын аудандық деңгейден облыстық деңгейге беру керек.

Білім берудің барлық деңгейінде дербес қаржыландыру тәртібін енгізу қажет.

Тағы бір өзекті мәселе. Бұл – оқулық сапасының төмендігі.

Оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету – тиісті министрліктің тікелей міндеті.

Мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартпасақ, бұл шаралар жүзеге аса қоймайды.

# СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

## Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы



← 13

Сондықтан мен Тамыз конференциясында алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбекақысын екі есе арттыруды тапсырдым. Бұл – келесі жылдан бастап ұстаздардың жалақысы 25 пайызға өседі деген сөз.

Ғылым саласындағы ахуал ерекше назар аударуды талап етеді. Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз.

Отандық ғылым жүйесі қаншалықты сапалы әрі тиімді? Бұл – басқа мәселе.

Үкімет аталған мәселені ғылыми зерттеулердің деңгейін көтеру және оларды тәжірибеде қолдану тұрғысынан қарастырғаны жөн.

**Екінші.** Отбасы және бала институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру. Бала құқығын қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселесіне басымдық беруіміз қажет.

Жасөспірімдер арасында көбейіп кеткен суицид мәселесімен мақсатты түрде айналысу керек.

**Біз зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балалар мен олардың отбасын қорғау жөнінде толыққанды бағдарлама әзірлеуіміз қажет.**

Қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Тек ресми статистика бойынша 80 мыңнан астам бала мүгедектігіне байланысты есепте тұр.

Үкімет **БЦП диагнозы бар балаларға** медициналық және әлеуметтік қолдау көрсетуді жақсарту үшін шаралар қабылдауы керек.

**Балаларға қолжетімді болуы үшін шағын және орташа оналту орталықтарының желісін кеңейту қажет.**

**Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз.**

Мен бұл туралы өзімнің сайлау алдындағы бағдарламада айттым. Үкіметке енді осы мақсатқа үш жыл ішінде кем дегенде **58 миллиард теңге** бөледі тапсырамын.

Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі айрықша назар аударуды талап етеді.

Барлық жастағы ел азаматтары арасында **бұқаралық спортты** дамыту маңызды.

Спорт инфрақұрылымының балалар үшін барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек.

Бұқаралық дене шынықтыруды өркендету ісі жаңа чемпиондар шығаруына шығатын пирамидаға айналуы тиіс. Бұл саламатты әрі белсенді жастардың, түптеп келгенде, қуатты ұлттың негізін қалыптастырады.

Осы бағдарлы заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, сондай-ақ **Бұқаралық спортты дамыту жөніндегі кешенді жоспар** қабылдау қажет.

2020 жыл «**Волонтер жылы**» деп жарияланды. Еріктілер қызметіне азаматтардың, әсіресе жастардың, студенттер мен оқушылардың қатысуы аясын кеңейту, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру – маңызды міндет.

Бұл – азаматтық қоғамды нығайту жөніндегі жұмысымыздың маңызды құрамдас бөлігі.

**Үшінші.** Медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Бұл жерде халықтың денсаулығына байланысты, әсіресе **ана мен сәби өліміне қатысты** көрсеткіштердің өңірлік теңгерімсіздігі айқын көрінеді.

Дегенмен, бұл көрсеткіш төмендеп келеді. Бірақ **әлі де жоғары**, сондай-ақ дамыған елдердің деңгейінен айтарлықтай көп.

Үкімет әр өңір бойынша медицинадағы нақты дерттер топтамасы жөнінде басымдықтар тізбін жасап, соның негізінде бюджеттен қаржы бөлуі қажет.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда **міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру** жүйесі іске қосылады. Әрқайсысымызға мына нәрсені айтқым келеді: мемлекет **тегін медициналық көмектің кеңілдендірілген көлемін**

сақтайды. Оны қаржыландыруға алдағы үш жыл ішінде **2,8 триллионнан астам теңге** бөлінеді.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың жүзеге асырылуы медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға бағытталған.

Үшжылдық бюджет аясында денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосымша **2,3 триллионнан астам теңге** бөлінеді.

Үкімет әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің беделіне тағы да нұқсан келтірмеу үшін оны жүзеге асыру мәселесіне зор жауапкершілікпен қарауы қажет.

Біздің қателесуге құқымыз жоқ.

**Төртінші.** Мәдениет қызметкерлерін қолдау.

Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей отырмыз.

Бұл – ең алдымен, кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе.

Олардың еңбекақысы соңғы жылдары мүлде көбейген жоқ.

Соның салдарынан мәдениет қызметкерлері, әсіресе жас мамандар жетілдігі бар тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алмайды.

Мұндай ахуал осы кәсіптің беделін түсіріп, лайықты кадрлардың тапшылығы айқын сезіледі.

Келесі жылдан бастап Үкімет **мәдениет қызметкерлерінің** еңбекақысын көбейтуі тиіс.

Сондай-ақ білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы міндетті әлеуметтік жеңілдіктер мәдениет саласының өкілдеріне де берілуі керек.

**Бесінші.** Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін одан әрі дамыту.

Мемлекет мұқтаж жандарға көмек көрсету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауда.

Алайда бірқатар шешімдер жан-жақты сарапталмай қабылданды.

Нәтижесінде бұл **патерналистік пиғылдың** айтарлықтай артуына әкеп соқтырды. Соңғы 5 жылда Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны **77 мың адамнан 1,4 миллионнан астам адамға** артқан.

Әлеуметтік көмекке бюджеттен бөлінетін қаражат көлемі 2017 жылдан бері **17 есе** көбейді және одан да арта түсті.

Басқаша айтқанда, жұмыс істегісі келмейтін адамдар немесе әлеуметтік көмек алу үшін өздерінің табысын жасыратындар көбейді. Жағдайы бар отбасылардың әлеуметтік көмек алатыны туралы деректер бұған дейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған болатын.

Тағы да атап өтемін. **Конституция бойынша** біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан мемлекетіміз азаматтар алдындағы міндеттерін орындауы тиіс.

Үкімет өз жұмысында осы қағидатты басшылыққа алуға **міндетті**. Ал резервтерді тиімсіз шығындарды азайту және табысты арттыру есебінен қалыптастыру қажет.

Мұндай резервтердің бар екені сөзсіз. Қаржы министрлігі табысты арттыру үшін жұмыс жүргізуде. Алайда қосымша күш жұмсау керек. Мәселен, кеден ісіне қатысты.

Елбасы Нұр Отан партиясы Саяси кеңесінің отырысында **мемлекеттік сатып алулар үдерісін ретке келтіру мәселесіне** ерекше мән берді. Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алуды оңтайландырумен айналысып жатыр, бірақ заңнамалық сипаттағы шаралар қажет.

Мемлекеттік сатып алудың **әлеуеті зор** (кейбір есептеулер бойынша жылына 400 миллиард теңгеге дейін жетеді). Бұл қаржыны **өзекті әлеуметтік мәселелерді** шешуге жұмсауға болады.

2018 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі **4,4 триллион теңгені** құрады, соның **3,3 триллион теңгесі** немесе 75 пайызы бәсекеден тыс тәсілмен бір көзден алу арқылы жұмсалған.

Шенеуніктер мен түрлі деңгейдегі пайдаға кенелтіп отырған бұл табыс көзін жабатын кез келді.

Атаулы әлеуметтік көмекке қайта оралайық. Үкімет оны бөлу тәртібін реттеуі керек. Бұл жүйе ашық әрі әділетті болып, адамдарды бейқамдыққа емес, **еңбек етуге ынталандыруы тиіс**. Көмек, негізінен, еңбектенгендерге берілуі тиіс.

Сонымен бірге аз қамтылған отбасылардың балаларына қамқорлық көрсету керек. Олар үшін **кеңілдендірілген әлеуметтік көмекті** енгізу қажет.

Бұл дегеніміз – мектеп жасына дейінгі балаларға үнемі қолдау көрсету, барлық оқушыға тегін ыстық тамақ беру, оларды оқу құралдарымен және мектеп формасымен қамтамасыз ету, медициналық, соның

ішінде стоматологиялық көмек алу және қоғамдық көліктерде жүру шығындарын өтеу.

Осыған қатысты шешімдердің барлығы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енуі тиіс.

Үкімет «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп бір ай ішінде көп балалы аналарды микро- және шағын бизнеске жұмылдыратын, соның ішінде үй жағдайында кәсіппен айналысатындарды да қамтитын арнайы бағдарлама әзірлеуі қажет.

**Алтыншы.** Еліміздің зейнетақы жүйесін дамыту саласына ерекше тоқталғым келеді. Мұнда да қордаланып қалған мәселелер жеткілікті.

Қазіргі кезде зейнетақы жинағының жетіспеушілігі онша сезілмейді. Алайда **10 жылдан кейін жағдай өзгеруі мүмкін**. Жұмыс істеп, зейнетақы қорын толықтырып жатқан азаматтар саны азаяды. Ал зейнеткерлер саны арта түседі.

Бұл ретте зейнетақы активінен түсетін инвестициялық табыс пен жинақ деңгейі **төмен** болып қала бермек.

Сондықтан Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, **зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру** үшін нақты жұмыс жүргізуі керек.

Қазір жұмыс істеп жүрген адам өзінің зейнетақы жинағын тек зейнетке шыққаннан соң ғана пайдалана алады.

Бірақ олардың бұл қаражатты зейнетке шыққанға дейін пайдаланғысы келетіні түсінікті жағдай.

Жұмыс істейтін азаматтар өздерінің зейнетақы жинағының бір бөлігін **белгілі бір мақсатқа, соның ішінде** баспана сатып алуға немесе білім алу үшін **пайдалану мәселесін** жыл соңына дейін пысықтауды Үкіметке тапсырамын.

Шығындарды оңтайландыру және активтерді инвестициялық басқару сапасын жақсарту мақсатымен Үкіметке **ортақ әлеуметтік қор құру және бірінші әлеуметтік төлем енгізу** арқылы әлеуметтік қамсыздандырудың бюджеттен тыс жүйесін жұмылдыру мәселесін пысықтауды тапсырамын.

### V. Қуатты өңірлер – қуатты ел

Бұл бағытта мынадай міндеттерге баса мән беру керек.

**Бірінші.** Жергілікті билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру.

Жергілікті билік тұрғындар үшін әрдайым ашық болуы тиіс. Бұл аксиома әлі де бүгінгі күннің шындығына айналмай отыр.

Пилоттық жоба ретінде **тұрғындар тарапынан** жергілікті билік жұмысының тиімділігін бағалау жүйесін енгізу қажет деп санаймын.

Мысалы, егер сауалнама немесе онлайн-дауыс беру нәтижесінде тұрғындардың **30 пайызынан астамы** қала немесе ауыл әкімінің жұмысын тиімсіз деп есептесе, бұл Президент Әкімшілігінің арнайы комиссия құрып, туындаған мәселені зерттеуіне және тиісті ұсыным енгізуіне негіз бола алады.

**Екінші.** Бюджетаралық қатынастар жүйесін реформалау.

Бюджетаралық қатынастардың қазіргі жүйесі түрлі деңгейдегі әкімдіктерді жергілікті дамудың негізгі көздерін, яғни шағын және орта бизнесті өркендетуге ынталандыра алмай отырғаны анық. Өңірлер қосымша табыс көзін іздестіруге құлықсыз.

Келесі жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін қосымша салық түсімдері өңірлердің қүзыретіне берілетін болады.

Бірақ бұл да жеткіліксіз. **Бюджет үдерісінің барлық деңгейде ұйымдастырылуын қайта қарастыру** қажеттігі туындап отыр. **Жергілікті бюджетті қалыптастыруға халықтың белсене атсалысуы** бұл істе үлкен рөл атқаруы тиіс.

Аудандық, қалалық және ауылдық деңгейдегі билік жергілікті маңызы бар міндеттерді шешу барысында экономикалық тұрғыдан мейлінше дербес болуы тиіс. Олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі заңнамалық актілерде нақты белгіленуі керек.

**Үшінші.** Басқарылатын урбанизация және бірінші тұрғын үй саясаты.

Бұған дейін қабылданған «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» және «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» заңдар өзінің тиімділігін көрсетті. Бірақ бүгінде бұл заңдарды жетілдіру қажет.

**Ең ірі үш қала әкімдіктерінің қүзыретін**, соның ішінде қала құрылыс саясаты, көлік инфрақұрылымы, қала сәулетін қалыптастыру саласындағы құзыреттерін кеңейту керек.

Республикалық маңызы бар қалалардағы халық санының көптігі қазіргі кезде мақтанарлық жағдай емес, керісінше тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету тұрғысынан **алаңдаушылыққа негіз** болып отыр.

Ірі қалалардың тұрғындары көбейіп келе жатқаны байқалады. Сонымен қатар жаңа тұрғындарға қолайлы жағдай жасалған Павлодар және Петропавл сынды қалаларда адамдар мен еңбек ресурстарының тапшылығы бар.

Үкімет көші-қон үдерісін **басқару үшін** пәрменді шаралар қабылдауы тиіс.

Мен сайлау алдындағы бағдарламада **бірінші тұрғын үй саясатын** әзірлеу қажеттігін айтқан болатымын.

Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін **баспананың қолжетімділігін арттыру**. Үкімет жүйесіз бағдарламалар қабылдау тәжірибесін тоқтатып, тұрғын үй саясатын жетілдірудің бірінші моделін әзірлеуі қажет.

Мәселен, бастапқыда әлеуметтік мүддеге орайластырылған «7-20-25» бағдарламасы аясында қарыз алушының отбасылық табысы орташа есеппен айына 320 мың теңгені құрауы тиіс. Табысы аз адамдар бұған қатыса алмай отыр.

Сондықтан биыл Елбасының бастамасы бойынша 2 пайыздық жеңілдетілген мөлшерлемелен, пайыздық алғашқы жарнасы 10 пайыз болатын жаңа «**Бақытты отбасы**» бағдарламасы іске қосылды. Бұл – өте тиімді жеңілдік.

Жыл соңына дейін бұл бағдарлама бойынша кем дегенде **6 мың отбасы** баспанамен қамтамасыз етіледі. Бірінші кезекте көп балалы және мүгедек балалар тәрбиелеп отырған отбасылар қамтылатын болады. 2020 жылдан бастап жыл сайын осындай **10 мың** отбасы баспанамен қамтылады.

Үкімет бағдарламаға қатысуға арналған айқын критерийлер белгілеп, оны қатаң әкімшілендіруді қамтамасыз етуі керек. Шын мәнінде көмекке **мұқтаж жандарға ғана қолдау көрсетуі** тиіс.

Менің Үкіметке тапсырмам – кезекте тұрған аз қамтылған көп балалы отбасыларға баспана беру мәселесін үш жыл ішінде **шешу керек**. Бүгінде олардың саны **30 мыңға** жуық.

**Үкімет** баспана сатып алуға жағдайы жоқ азаматтарға әлеуметтік жалға алу тәртібімен қоныстану үшін мүмкіндік беру қажет.

Мемлекет 2022 жылға қарай осы мақсаттарға сәйкес **240 миллиард теңгеден** астам қаражат бөледі.

**Жеке бизнесті** осы жұмыстарға тарту үшін жаңа шаралар қабылдап, **мемлекет-жекеменшік әріптестігі тетіктерін** жұмылдырған жөн.

Азаматтар әкімдік беретін әлеуметтік пәтерлерге **кезекке тұру және оның жылжы үдерісінің ашық болмай отырғанына** наразы.

Үкімет жыл соңына дейін **жалдамалы пәтерлерге, сондай-ақ «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген** баспана заемын алуға кезекте тұрғандарды есепке алудың **ұлттық бірінші жүйесін** құруы керек.

Коммуналдық желілердің тозуы 65 пайыздан 57 пайызға төмендегеніне қарамастан, бұл көрсеткіш жоғары болып отыр.

Бұдан бөлек, көп пәтерлі 78 мың үйдің 18 мыңнан астамы жөндеуді қажет етеді. Өңірлерге тұрғын үй қорын жаңғырту және жөндеу үшін екі жыл ішінде бюджеттік несие түрінде **30 миллиард теңгеден** астам қаражат бөлу керек.

Үкіметке осы тетікті енгізу мүмкіндігін қарастырып, қаражаттың тиімді игерілуін қатаң бақылауға алуды тапсырамын.

2022 жылға қарай өңірлерді дамыту бюджеті **800 миллиард теңгеден** асып кетеді.

Әкімдерге жергілікті мәслихаттармен бірігіп, **осы қаражаттың жартысын** тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту ісін бірлесіп қаржыландыруға және өңір тұрғындарының өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге **бағыттауды** қамтамасыз етуді тапсырамын.

**Төртінші.** Инфрақұрылымды дамыту.

Еліміздің әр аймағының тұрғындарының таза ауыз суға, табиғи газға, көлік инфрақұрылымына **қол жеткізу деңгейі бірқалып** емес екені белгілі.

Осы теңсіздікті жою үшін жұмысты жандандыру қажет.

Елбасының тапсырмасы бойынша «**Сарыарқа**» газ құбырының магистралды желісінің бірінші кезектегі құрылысы аяқталып келеді.

Келесі жылы Нұр-Сұлтан қаласында және Қарағанды, содан соң Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында **тарату желілерін** салу жұмыстары басталады.

Мемлекет осы мақсатқа сәйкес **56 миллиард теңге** бөліп отыр. Нәтижесінде **2,7 миллионнан астам адам** табиғи газбен қамтамасыз етілетін болады.

Алдағы үш жыл ішінде тұрғындарды таза ауыз сумен және су жеткізумен қамтамасыз етуге шамамен **250 миллиард теңге** бөлінеді.

Атқарушы билік органдары «Нұрлы жол» бағдарламасын толық және сапалы іске асыруға баса мән беруі керек.

Бұл – стратегиялық жоба. Соның арқасында бүкіл көлік инфрақұрылымы жаңғыртылады.

Осы мақсатқа орай мемлекет 2022 жылға дейін **1,2 триллион теңгеден** астам инвестиция салады.

Үкімет бұған дейін де көп қаражат бөлген болатын, бірақ оның көбі құмға сіңген судай жоқ болып кетті. Ашығын айтсақ, шенеуніктердің қалтасына кетті, ал таза су, жол және басқа да инфрақұрылымның жағдайы әлі де сол күйінде.

Бұл жолы Үкімет пен Парламент Есеп комитетімен бірлесіп, бюджет қаражатын толығымен тиімді пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

Үкімет экологияны жақсарту, жаңартылған энергия көздерін пайдалануды кеңейту, қоршаған ортаны сақтау ісін доріктеу жұмыстарын жандандыруы керек. Осы орайда «**Бірге – Таза Қазақстан**» науқаны – қолдауға тұрарлық жоба. Бұл жұмысты жалғастыру керек.

Парламент Экологиялық кодекстің жаңа редакциясын талқылап, қабылдауы қажет.

Жалпы, Үкімет алдағы кезеңде **жұмыстың тиімділігін арттыруы тиіс**. Халық нақты нәтиже күтіп отыр.

Құрметті отандастар!

Біз елімізді реформалаудың жаңа кезеңіне қадм бастық. Осы маңызды міндеттерді сапалы орындауымыз керек.

Еліміздің әрбір тұрғыны **оң өзгерісті сезінуі** тиіс.

Мен мемлекеттік органдардан **жұмысты жедел атқарып**, нақты нәтижеге қол жеткізуді талап етемін.

**Реформаны тек реформа үшін** жүргізуге қол берілмейді.

Әрбір министрде және әкімде **нәтижелі жұмыстың негізгі көрсеткіштерінің**

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

## ҚҰМШЫҚ АТА МЕШІТІ ТУРИСТІК НЫСАНҒА АЙНАЛМАҚ

Мәдениет және спорт министрлігі Заң департаментінің басшысы Күміс Қарсақбайқызы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 1 шақырым жерде орналасқан X-XII ғасырларға тән Құмшық ата мешітімен танысты. Алдағы уақытта аталған ескерткішті рухани қалаға келушілер мен туристердің назарына ұсынар нысан ретінде іске қосу жоспарлануда.

Құмшық ата жерасты мешіті археологиялық ескерткіш саналады. Мешіт екі бөлмелі, ұзынша келген (10 м-ге жуық) ені тар дәлізді, шығарысында есігі бар үңгір. Шаршы шикі кірпіштерден қаланған. Түкпірдегі бөлме көлемі – 2х2 метрге жуық, биіктігі – 1,6 метр, төбесі шатырлы күмбезбен көмкерілген. Оған іргелес диаметрі – 2,5 метр және биіктігі – 2 метрдей дөңгелек пошымды үй күмбезделіп жабылған.



Дәлізі иірлі келген, мешіт құрылысы күйдірілген кірпішпен қаланып, күмбезбен көмкерілген. Төбенің орта денгейінен

құдық тәріздес, диаметрі 1 метрдей, дәлізге жарық түсетін ойық жасалған. Жерасты мешітіне кіретін есік қирап қалғандықтан, баспалдақтың сатылары анықталмаған. Бөлме қабырғаларында шырағдан қоюға арналған шағын қуыстар бар. Құрылыстың ішкі құрылымы сыланбаған. Жерасты мешіті X-XII ғасырларда өмір сүрген әулие Құмшық ата атымен аталады. Зерттеулер Құмшық ата мешіті XII ғасырдан бастап халық жиналып, діни уағыздар рәсімі өтетін орын болғанын растайды.

Құмшық ата мешітін 1973-1974 жылдары Қазақ КСР мәдениет министрі мен Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтының экспедициясы (жетек. Т.Н. Сенигова) зерттеді.

1985 жылы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2003 жылы Құмшық ата мешіті қалпына келтіріліп, мемлекет қарауына алынған.

## МУЗЕЙ ҚОРЫНДА САҚТАЛҒАН «ФИКХ-УЛЬ АКБАР»

«Әзірет Сұлтан» қорық музейінің қорында «Альфикх-уль Акбар» – «Ең терең білім» атты кітаптың көшірмесі сақтаулы. Кітап ақайыдд – құдайтану ілімі туралы. Кітап-жинақтың «Фикхуль Акбар» бөлігінің авторы Имам Ағзам 699-700 (80 х.ж.) шамасында Куфа қаласында туылып, 767ж. (150 х.ж.) Багдад қаласында қайтыс болған.

Кітаптың авторы Имам Ағзам Абу Ханифа азан шақырып қойылған аты ән-Нұғман болғанымен, халық оны «Әбу Ханифа» деп атап кеткен. Ғасырның танымал, беделді, ірі ғалымы болғандықтан халық оны «Имам Ағзам» деп те атайтын. Бағзы замандарда имам деп аса білімді, әрі тақуа кісілер аталған. «Имам» – жетекші, басшы, ұстаз, данышпан деген мағыналарды да береді. Ал, «Ағзам» сөзінің айбынды, ең зор, ең үлкен, ұлық, теңдесі жоқ деген мағыналары бар. Шынында да, Имам Ағзам мұсылмандардың жетекшісі, ғалымдардың басшысы, білім мен тақуалықта теңдесі жоқ данышпан, айбынды, әрі ұлық ұстаз болатын.

Бұл аса маңызды еңбек, исламдағы төрт мазхабтың бірі Ханафия мазхабын ұстанушыларға арналған. Ислам діні мұсылман елдерінің территориялық орналасуына байланысты мазхабтарға (мектептерге) бөлінген. Мазхаб – араб тілінде «баратын жол», «лайықты көзқарас», мағыналарын білдіреді. Ислам дінінде ханафи, малики, шафиит, және ханбали деп аталатын негізгі мазхабтар бар. Ханафия мазхабын Түркия, Татарстан, Сібір, Орталық Азияда өмір сүріп жатқан халықтар ұстанады.

Фикх-уль Акбар еңбегі барлық мұсылман халықтарына ортақ кең түсінікпен жазылғанымен, оны ханафия мазхабын ұстанушылар кеңінен қолданады.

Ханафия мазхабы XIII-XIVғ. Орта Азияға кең тараған, алғашқы құрылған сунни фикх мектебі. Бұл мазхабтың құрушысы Имам Ағзам Әбу Ханифа болғандықтан Ханафи мазхабы деп те аталады. Мазхаб Иракта пайда болып, Аббасилер дәуірінде Әбу Юсуф бас қазы болған кезде ресми мазхабқа айналды. Имам Әбу Ханифаның (р.х) мазхабы бойынша Тәухидтің негізі және дұрыс сенудің жолы «Мен Аллаға иман келтірдім және оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, өлгеннен

соң тірілуге, тағдырға, жақсылықпен жамандықтың Аллаһтан екендігіне, хисаб, мизан, ұжмақ және тозаққа иландым, бұлардың бәрі тегіс хақ-дүр». Өйткені әрбір мұсылманның дұрыс сенімде болуы үшін алдымен Ақайыд (сенім саласын) және Иманның Фикхын үйренуі керек. Кітаптың негізгі тақырыбы – «Таухид (Алланы бір деп білу) негізі және оған деген көзқарас». Алланың барлығын, бірлігін, оның зати-сипаттарын және фиғли-сипаттарын анық нақты айтуымен иманды бекітеді. Бұл дүниеде Алланы



тануды өзіңе қаншалықты алыс-жақын екенін білуді үйретсе, ақыретте адам баласының жағдайының қандай болмағын көзбен көріп, қолмен ұстағандай етіп түсіндіреді. Алла тағаланың бар екендігін, Құранның – құдай сөзі, Пайғамбарлар – Құдайдың үкімін жеткізуші оның ішінде Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сөзі барлық адам баласына үлгі екендігі айтылған. Ол кісіден кейінгі ең сүйікті болуы тиіс оның

сахабалары екендігін, дүние- ахыреттегі барлық нәрсе Алланың (жаратушының) қалауы, білу, жобалау, Лаухы маһфузда (тағдыр тақтасы) жазуымен болатындығын, адам баласының иманмен туылуы, иманды бекіту, әлсірету, күшейту (оған Алланың жәрдемі болатыны), иманы бар, бірақ күнә жасаған адамның халінің нендей болатындығы, дүниеде жасаған істердің қиямет күнінде таразыға тартылатындығы, амал дәптерінде жазылған әрекеттері оқылатындығы, шайтан адамға ашық дұшпан, ол адамның иманын ұрлайтындығы және тура жолда (Құдай жолында) табанды адамдарға шамасы келмейтіндігі, жаннат пен тозақтың бар, ондағы рахат пен азаптың мәңгілік екендігі, Иса пайғамбардың көктен түсетіндігі, Құдайдың дидарын көруге болатындығы, миграж уақиғасы, тажал, яжуж-мажуждің шығатындығы туралы жазылған.

Имам Ағзам, мақала өзегі болып отырған «Фикх-уль Акбар» атты еңбегінде, әуелі мұсылмандардың біліп әрі сенуі қажет болған иман негіздерінің өзекті мәселелерімен сөз бастаған. Әрбір мұсылман пенде осыларды шын жүрегімен иланып және ең болмағанда бір рет болса да иқрап растауы парыз болып табылады. Өйткені иман ету бұйырылған мәселелер осы алты негізде жинақталған.

Бұл кітапты музей қорына Наманган облысының Үйсін ауданындағы Ленин колхозының тұрғыны Жаллетдинов Камалетдин өткізген. Авторы – Ислам ғұламасы, Имам Ағзам Абу Ханифа. Қолжазба 1252 х.ж. (1836-37жж.) көшірілген. Көшірушісі белгісіз. Бұл еңбек жинақ кітаптың ішінде берілген.

6 беттен тұрады. Әр бетте 15 жолдан берілген. Шығыс парағы қолданылған. Настағлик үлгісімен жазылған. Тақырыбы қызыл киноарьмен, тексті қара сиямен жазылған. Мулла Мұхаммед Ғалим сах-хаф тарапынан 1254х.ж. (1838-39жж.) түптелген. Өрнектелмеген. Көркем жазумен жазылған.

**Айнұр ЖАНЫСБАЕВА,**  
«Әзірет Сұлтан» қорық-музейі қор сақтау бөлімінің қызметкері

## ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ

Өз шығармашылық еңбегінде «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс», деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап өткені тектен-тек емес.



Ағартушы, философ, ақын және сазгер – Абай Құнанбаев өмірінің соңына дейін қазақ халқының жарқын болашағы үшін күресті. Аса құнды мұраларын артына қалдырып кеткен. Абай адам бойында кездесетін жаман мінез-құлықтарды сынай отырып, адамдықты, ақыл мен білімді алға қойды.

Абай Құнанбаев 1845 жылы бұрынғы Семей уезі Шығыс болысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы

Абай ауданында дүниеге келген. Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы уезінде аға сұлтандық дәрежеде болған. Абай әуелі ауылда Ғабитхан деген татар молдасынан мұсылманша хат таниды. Он жасында Абайды әкесі Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесіне оқуға береді. Бос уақытында Абай Шығыстың ұлы ақындары Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Навай, Физулы шығармаларын өз бетімен оқып-танысты. Дастан, хисса әдеби шығармаларға үйір болып өсті. Медреседегі білім алған 3 жыл сырғып өте шығады. Келешек ақын соңғы жылдары өз бетімен «приходская школаға» түсіп орысша оқиды. Жасы 13 ке келгенде әкесі ел билеу ісіне араластырып, оқудан елге алып келеді. Ел ішінде әртүрлі даулы мәселеге араласты. Абай ақындық жолына бет бұрған кездегі алғашқы сөзі білім туралы болды. Оның 1885 жылы жазған «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі осы тақырыптағы тұңғыш шығармасы еді. Сонымен қатар ол жана үлгідегі жана ізденістерін танытады. Абай өзі азғанаті ғана білім алғанын өкінішін білдіре отырып, жастарды ғылым, білім үйренуге шақырады.

1886 жылы Абай «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңін жазды. Бұл өлеңінде білім, ғылымның адамға пайдасы тиетінін айта келіп, әрбір жігерлі жастардың талпынатын арманы ғылым болуы керектігін ежіктей түсіндірді.

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба.

Ойнап босқа құлуге, – өмірде мақсатқа тек білімді болғанда ғана жетесің, білімді болғанда ғана арманың орындалады дейді ол.

Бес нәрседен асық бол!  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рахым ойлап қой,  
Бес асыл іс көңсеңіз,  
Бес нәрседен қашық бол,  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Орынсыз, бекер мал шашпақ  
Бес дұшпанын білсеңіз.

Абай талаптың еңбек етсең терен ойлы қанағатшыл боласың, Рахымшыл болсаң көздеген мақсатыңа жетесің. Ал егер, өсек, мақтаншақтық бойға жинасаң, еріншек, ысырап пен мал шашумен айналыссаң өзіңді-өзің көрге итересің, – деп жастарды адалдыққа, еңбекқорлыққа, қанағат етуге шақырады.

Өмірдің мақсаты білімді болғанда ғана орындалады дейді Ұлы ақын. Оған жетудің жолдарын баса талқылай үйретеді. Ерінбей, жалықпай, іздену ғана ілім білімге жеткізеді. Осының бәрін санаға сіңіре білген ол – адам болу қасиеттерін өз шығармаларына тиіс ете айтады, өсиет етеді.

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң арқалан,  
Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалаң – деп, Абай жастарды өмірде өз орнын табуға, әрнәрсеге әсіре қызылдықпен қызғыға бермеуге шақырды. Жастардың оқу оқып, білім алып немесе бір өнер үйреніп, халыққа пайдасын тигізетін азамат болуын аңсаған ақын деректері бір ғана мақаланың ауқымына сыймайды. Ол күнделікті тіршілігімізді, рухани әлемімізді қарақан басты алып жүруден бастап, биік адамгершілікке дейінгі адалдықты тегіс қамтыған жан-жақты ірі құбылыс. Соның бірде-бір дәлелі Абайдың қара сөздерінде мол қамтылған.

Әлемдік әдебиетте өзінің көркемдік шеберлігімен, ақылдық құдіретімен оқырманды таңғалдырған суреткерлер баршылық. Бірақ Абайдың ешкімге ұқсамайтын ғажайып қасиеті оның мәңгі ескірмейтіндігі, мәңгі жасампаздығы, оның шығармаларының күні кеше жазылған сынайлы қасиеті, әлемдік философияда том-том кітаптарға сыймаған ойларды тарының қауызына сыйдырғандай құдіретпен екі-ақ ауыз сөзге сыйдыра білу. Абайдың ұлттық философияның негізін салушы, жаратылыстың құпиясына «табиғат пен қоғамның» адам мен заманның сырына терең бойлаған ойшыл екендігін заман өзі-ақ ұқтыра түсердей.

**Талғат ОРАЗОВ,**  
кіші ғылыми қызметкер

## «ТАРИХИ МҰРА ЖАНАШЫРЫ»

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің 88 жылдығына орай өмірі мен шығармашылығына арналған «Тарихи мұра жанашыры» атты көрме өтті.

Қазақ мәдениетінің қара нарына баланған, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық-музейінің негізін қалаушы, қасиетті тайқазанның тарихи орнына оралуына сүйелі үлес қосқан ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің туған күніне орай онының рет өткен көрмеге «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі директорының орынбасары – М.Тастанбеков, Ө.Жәнібековтің шәкірті, әрі қызметтесі – Қанат Тұяқбаев, Түркістан қалалық Ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары – Пернетай Досыбеков, Ө.Жәнібековтің қарындасы – Айғаным Серім және Торғайдағы қызметтесі

– Ыдырыс Жұмабеков, музей қызметкерлері мен БАҚ өкілдері қатысты.

«Өзекең өзіндік ізі бар, өзіндік жігері бар, құрыштан сомданып құйылған батыр, ғалым, қайраткер, өнерпаз азамат ретінде қазақ тарихында есімі қатталды» деп академик Манаш Қозыбаев жазса, «Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтіріліп, тәуелсіз даму жолына түсуіне де Өзбағанның сіңірген еңбегі ерекше» деп, жазушы Әбіш Кекілбаев та тебірене ой толғаған. Отырардай қасиетті өңірде дүниеге келіп, әл-Фарабидей бабасын рухани ұстаз тұтып, ата-баба мұрасына қанып ішкен Өзбекәлі Жәнібеков өсе



келе қазақтану ғылымының қара нарына, ұлт мақтанышына айналды. Ол қазақ халқы мәдениетін, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына орасан зор үлес қосты. XX ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйытқы бола білді.

«Бүгінгі ашылған көрменің негізгі мақсаты – Өзбекәлі Жәнібековтің азаматтық, қайраткерлік қасиеттерін, ұлтжандылығын, даналығын, көрегендігін, рухани мәдени мұрамызға деген жана-шырылығын жас-жеткіншектерге насихаттау», деді «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі директорының орынбасары М.Тастанбеков.

Жыныға қатысушы қонақтар да ұлты ұлықтаған Өзбекәлі Жәнібеков жайлы естеліктерімен бөлісті.

Көрмеге ұлттық өнер мен мәдениеттің жанашыры атанған ғалым – этнографтың 60-тан аса жәдігерлері қойылды. Олардың қатарында Өзбекәлі Жәнібековтің балалық шағы мен қызметтік жылдарындағы фотосуреттері, Қазақстандағы музейлерді ұйымдастырудағы шеберлігі, өзінің тұтыған заттары – фотоапараты, қол сөмкесі, қаламы, шапаны, бас киімі, қаламынан туған «Отырар», «Қазақ киімі», «Жолайрықта», «Тағдыр тағылымы», «Эхо» сынды кітаптары мен мақалалары, Торғайда қызмет атқарып жүргенде берілген естелік заттары, жұмыс бөлмесінде пайдаланған мәрмәрден жасалған қаламсабы бар. Сонымен қатар Өзбекәлі Жәнібековтің жеке кітапханасындағы шетел әдебиеттері мен отандық жазушылардың кітаптары да көрмеге келушілерге таныстырылды.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

## ВИЦЕ-МИНИСТР НЫСАНДАРМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов Отырар ауданы және Түркістан қаласына арнайы іссапармен келді.



Нұрғиса Мұратұлы киелі, рухани ордаға жасаған сапары барысында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің Сапар орталығы, Қожа Ахмет Ясауи музейінің құрылыс жұмыстары және Құлтөбе қалашығында жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары мен Құлтөбе қалашығының цитаделімен танысты.

## ЮНЕСКО ӨКІЛІ КЕЛДІ

Түркістан қаласына ҚР Сыртқы істер министрі Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілінің орынбасары Әбдрахманов Асқар Сауытбекұлы келді.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оған қарасты сегіз қырлы сағана, үлкен және кіші ақсарай, шығыс моншасы, ортағасырлық Құлтөбе қалашығындағы археологиялық қазба жұмыстары мен цитадель, өзге де мәдени – тарихи орындармен танысып шыққан Асқар Сауытбекұлы қайта жаңарту және қорық-музей аумағында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары кезінде ЮНЕСКО талаптарын қатаң сақтау қажеттігін тоқталды.

## ҚЫЛУЕТ ЖЕРАСТЫ МЕШІТІНДЕ ҚАЙТА ЖАҢАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРУДЕ



Мәдениет және спорт министрлігінің «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне қарасты Қылует жерасты мешітінде қайта жаңарту жұмыстары жүруде. «Қазқайтажаңарту» кәсіпорнының мамандары Қожа Ахмет Ясауидің тарихымен тығыз байланысты ескерткіштің іргетасын ашып, 2,8 метр тереңдіктен бастап желдеткіш жүйесін орнатты. Сондай-ақ Қылует жерасты мешітінің шатыры астындағы жарамсыз ағаштар ауыстырылып, ылғал мен суық, суға төзімді арнайы үсб материалы төселіп, шатыры жаңартылды. Ғимараттың ішкі және сыртқы қабырғалары мен еденіндегі мүжілген кірпіштер де жаңартылып, ұстындар лак бояуларымен сырланды. Ағымдағы жылға жоспарланған қайта қалпына келтіру жұмыстары қараша айында толығымен аяқталады.

Қылует жерасты мешіті – XII-XV-XIX ғасырларға тән республикалық мәртебеге ие ескерткіш. XII ғасырда салынып XX ғасырдың жартысына дейін үздіксіз жұмыс істеп тұрған, жартылай жер астында орналасқан ортағасырлық діни құрылыстардың бірі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстігінде 120 метр қашықтықта орналасқан. Координаттары – 43°17.776', 068°16.247', теңіз деңгейінен биіктігі 228 метр.

Ғалымдардың айтуынша «қылует» сөзі арабша «халуатун» яғни жекелену, оңашалану деген мағынадан шығып, Жаратушыға дүниеден бөлек, оңаша отырып құлшылық жасайтын орын деген



## ЖАҢАЛЫҚТЫ ТУРИСТЕР ЖАТЫРҚАЙ ҚОЙМАЙДЫ

«ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне келуші әрбір адам тарихи орынның архитектурасы мен құрылымы, Ясауи өмірі, хандар мен би-сұлтандар, тарихи жәдігерлермен танысқысы келсе аудиогид құрылғысының көмегіне де жүгіне алады.

Қазіргі таңда аудиогид жобасына кесененің іші ғана енгізілсе, жақын күндері қорық-музейге қарасты мәдени – тарихи орындар мен археологиялық қазба жұмыстары жайлы мәліметтер қамтылатын болады», – деді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы.

Алғашқы жоба ретінде 10 құрылғы іске қосылды. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне келген әрбір қонақ аудиогид қызметін таңғы сағат 08:00-ден кешкі 20:00 аралығында 1 сағат бойы қолдана алады. Аталған қызмет түрі – тегін. Тек аппарат қолды болып кетпес үшін кесене ішіндегі жауапты қызметкерлерге кепіл ретінде жеке құжат тапсырылуы тиіс.

Теледидар пульті тәрізді шағын құрылғыдағы тарихи ақпараттарды белгілі бір сандар реттілігі арқылы тыңдауға болады, мәселен, 1 саны Қожа

Ахмет Ясауидің өмірі мен мұралары болса, 2 саны кесененің салыну тарихы және архитектуралық келбетіне арналған.

Аудиогид аппаратының ең алғашқы тұтынушысы Франциядан келген турист – Мерлин.

«Аудиогид – туристер үшін өте керемет көмекші. Сәулеттік келбеті жағынан стилі ерекше ғимараттың салыну тарихы, тайқазан, тарихи маңызы бар үлкен бөлмелер жайлы ақпараттар ерекше қызықтырды. Аудиогид қажетті ақпаратты ала отырып, оңаша серуендеуге де өте қолайлы. Қазақстанға жасаған сапарымыз барысында Түркістандағы жаңалықтың ең алғашқы қолданушысы болғаным мен үшін тарихи жағдай», деді Мерлин.

Айта кетсек, әзірге аудиогид жобасы үш тілде қолға алынғанымен алдағы уақытта түрік, француз, қытай тілдерін де қосу жоспарлануда.



Сонымен қатар көзі нашар көретін жандарға да арнап жәдігерлер сипатталған мәтін және дыбыстық жазуы бар нұсқасы енгізілмек.

## ТҮРКСОЙ ӨКІЛІ ТҮРКІСТАНДА

ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының Қазақстандағы өкілі Асқар Тұрғанбаев Түркістан қаласына жасаған сапары барысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етті.

Кесене аумағын абақтандыру мақсатында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарымен және Құлтөбе қалашығындағы археологиялық қазба жұмыстарымен сондай-ақ, Әбілмәмбет ханның ордасы және хан мешітімен де танысты.



23-ХИКМЕТ

## ПЕЙІШ ПЕН ТОЗАҚТЫҢ АЙТЫСЫ

Пейіш, тозақ таласар, таласуда баян бар,  
Тозақ айтар: мен артық, менде Перауын, һаман бар.  
Пейіш айтар: білмейсің, сенде қандай талғам бар?! –  
Перауын, һаман сенде-дүр, менде Жүсіп, Кенған бар.  
Тозақ айтар: мен артық, дүниепазас көп құл жүр,  
Қолдарына салынған алмас кісен, от-шынжыр.  
Пейіш айтар: мен артық, мен – Пайғамбар мекені,  
Алдарында олардың: қаусар, һур мен нөкері.  
Тозақ айтар: мен артық, менде жөйіт, тарса бар,  
Жөйіт, тарса тәндерін сансыз азап паршалар.  
Пейіш айтар: мен артық, менде иманды құлдар бар,  
Момындардың алдында шексіз нығмет – гулзар бар.  
Тозақ айтар: мен артық, залым құлдар бар менде,  
Залымдарға беретін зәһар – менде, зәр – менде.  
Пейіш айтар: мен артық, залым құлдар – төрімде,  
Аят, Хадис, Құран бар залымдардың көңілінде.  
Тозақ айтар: мен артық, алаяқ бар – қойнымда,  
Оттан ескен кісен бар мұнафықтар мойнында.  
Пейіш айтар: мен артық, менде – хақ жол тұтқандар,  
Сотылардың көңілінде Зікір, Пікір, Сұбхан бар.  
Тозақ айтар: мен артық, бейнамазды аяр бар,  
Бейнамаздың мойнында жылан менен шаян бар.  
Пейіш айтар: мен артық, менде – Дидар-Мұратын,  
Жар Дидарын көрсетер бар Рахман – Рахым.  
Тозақ сонда тақ тұрды, пейіш көкке самғады, ал,  
Құл Қожа Ахмет, не білдің? –  
Білдіруші Алла бар.

## МУЗЕЙ ҚОРЫНА ТАБЫСТАЛДЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде дәстүрге айналған «Музейге сый» акциясы аясында Түркістан қаласындағы Қызылжол ауылының тұрғыны Әбілқасым Шошыбаев IX-X ғасырларға тән құмыралар табыстады.

Әбілқасым Шошыбаевтың айтуынша көне жәдігерлер үйдің ауласынан жер қазу кезінде кездейсоқ табылған. Бірнеше метр тереңдікте жатқан құмыралардың ескінің көзі екенін ұққан қария ұқыппен қазып алып, «Әзірет Сұлтан» қорық-музейіне асыққанын жеткізді.

Археологиялық ескерткіштің жасалу кезеңі мен ерекшелігін зерттеген музей мамандары IX-X ғасырларда өмір сүрген көшпелі түркі тектес тайпалардың қолынан шыққан дүние екенін анықтады.

«Музей қорындағы археологиялық жәдігерлердің ең көп бөлігін қыштан жасалған құмыра, тостаған сынды көптеген ыдыстар құрайды. Мамандар үшін мұндай ыдыс құнды дерек болып табылады. Себебі қазба кезінде табылған ыдыстар арқылы ескерткіштің қандай археологиялық мәдениетке жататынын, оның өмір сүрген уақыты мен шығу тегі, таралу аймағы тағы да басқа археологиялық мәдениеттермен байланысы анықталады. Музейге сыйға берілген



бұл құмыралар IX-X ғасырларда өмір сүрген көшпелі түркі тектес тайпалардың кәсіптеріндегі құмырашылық өнер мен сол кездегі ыдыс жасау техникасындағы ерекшеліктері туралы мағлұматтар береді», дейді «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қор сақтаушысы Әшірқұл Егеубаев.

Археологиялық жәдігерлер жазба тарихы аз баяндалатын елдер мен халықтардың өткенін білуде маңызы зор. Сондықтан да әрбір дерекке тереңдей үніліп, жан-жақты зерттеу көптеген тарихтың бетін ашуға жол ашады. Қазіргі таңда

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қорында 24 254 дана көне жәдігер мемлекеттік тіркеуге алынған. Олардың басым көпшілігі түпнұсқа тарихи құнды дүниелер, яғни археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған археологиялық жәдігерлер мен Түркістан тарихына байланысты алтын, күміс, мыс теңгелер көмбесі, халықтың қолынан жинақталған араб, парсы, көне түркі тілдерінде жазылған қолжазбалар мен баспа кітаптары және этнографиялық мұралар. Жәдігерлер төрт ғылыми классификацияланған топқа бөлінген. Оның 5105 данасы археологиялық, 2684-і этнографиялық, 2853-і жазба ескерткіш, 13 612 данасы нумизматикалық жәдігерлер.

«Осы тәрізді құнды мәліметтерде ата-бабалар тарихы сақталатындықтан, қазбадан табылған дүниелер біздің сарқылмас қазынамыз болып есептеледі. Біз әлі де, қырлары ашылмаған көптеген халқымыздың ежелгі тарихы жер астында жатыр деп ойлаймыз. Оның мұрағаты – археологиялық жәдігерлер. Ал бұлар – тарих пен мәдениеттің өте нәзік «куәсі» және «құжаты» болып табылатындығы даусыз. Сондықтан елінің тарихын білуге қызыққан әрбір адам, табылған дүниелердің қадірін ұғынып, музей қорына табыстаса деген тілегіміз бар», дейді Әшірқұл Мырзабекқызы.

# Ақ білектің көркі – білезік

Ежелден адам баласы әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Алғашқы қауымдық дәуірде өмір сүрген сақтардың қолөнер туындылары ретінде әйелдердің зергерлік бұйымдарын жасауда өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Олардың қатарына білезік, жүзік, сақина, алтыннан жасалған моншақтар, тағы да басқа әшекей бұйымдар жатады. Зергерлік бұйымдар негізінен ғарыштық, геометриялық ою-өрнектердің қарапайым элементтерінен бедерленген.

Шыңтауында қыз-келіншектің кез келген зергерлік бұйымдары, асыл тастары, онда бейнеленген ою-өрнектер әсем келбетіне әдемі үн қосып, сымбатын одан әрі ажарландыра түседі. Сондай сұлулықтың нышаны болған ұлттық әшекейлердің бірі әрі бірегейі – білезік.

Білезік – білекке тағылатын әшекейлі, сәндік бұйым. «Сулық», «ауыздық», «мұрындық» деген секілді ол да білекке тағу үшін жасалатындықтан «білезік» деп аталған. Білектегі білезік – бұл да сәндік атрибуттардың бірі, онсыз әйел өзін дәрменсіз сезінген. Олар әдетте жұптасқан білезіктерді таққан, кейде екі білекке де қос-қосап киген (Зергерлік өнер әлемі – Алматы, «Қазақпарат»).

Білезік сөзінің түп-төркіні білек және жүзік (білек жүзік – біле жүзік – білеузік – білезік) сөзінен туындаса керек. Қазақ зергерлері білезіктерді арнайы қалып арқылы ыстық және суық күйінде соғу арқылы жасаған. Олардың көлемі, пішініне, әшекейі әр алуан болып келеді. Зергерлер қымбат білезіктерді асыл тастардан көз орнатып, алтын мен күміс жалатып, лажылап, эмаль бағдарлап жасайтын болған. «Алтынмен аптап күміспен күптеп» деуі де сондықтан. Ал арзан білезіктерді қола, жез, мельхиор, т.б. металдардан жасаған.

Халық арасында білезік буын ауруларының алдын алады, қолдың тазалығын күшейтеді, жын-перілерді қуады деген ұғым кеңінен таралған. Шын мәнінде қазіргі ғалымдар күміс білезіктің орасан зор пайдалылығын дәлелдеп отыр. Ең маңыздысы – білезік адам бойындағы күш-қуатты сақтайды. Қазақтала бөле-жала әйелдің құлағы, шашы арқылы

сал-серілердің аттарының аяқтарына салынатын әшекейлі шығыршық; құстардың аяғына салынатын сақина; тұтқынның аяқ-қолына салынатын шынжырлы бұғау ағаштан жасалған бұйымдарды құрсаулап бекітетін шеген, шығыршық; шаңрақтың құралған жерлерін құрсаулап қоятын метал шығыршық түрінде молынан кездеседі.

Этнографиялық деректерге үңілесек, бір ғана білезіктің 30-дан астам атауы бар. Олардың бір тобы сыртқы көрінісіне орай, енді бір тобы материалмен жасалу технологиясына қарай аталады. Мәселен, үзбелі білезік, өрме білезік,



фигуралар тәрізді күрделі өрнектер жасалады. Кейде алтын, күміс аралас шекіменелді.

Ел арасында кавказ білезікті – қарала білезік деп те атаған. Бұл білезікті жасау кавказ халықтарынан ауысқан. Кавказ

бедерлі ернеулер жасап, ақ, көк, қызыл, жасыл түсті асыл тас көздер орнатылып жасалған білезіктер көзді білезіктер деп аталады. Көздерді ұстап тұратын ернеулі ұялар батыру, сызу, бұрыштау әдістерімен өрнектеліп жасалады.

Баға бәсі қымбат білезік – өрме білезікті сәндеп дайындалған жуан алтын, не күміс жіптерді өріп, құрастырып жасайды. Мұндай білезіктің екі жақ басы алақан сияқты тұтас келеді. Осы алақанның бетіне әдемілік үшін қазтабан, жүрекше, қосырақ өрнектерінің бірін жүргізеді.

Шығыр, доғабас, ілмек тәрізді етіп соғып, бөлек-бөлек күмістерден жасаған білезікті үзбелі білезік деп атаған. Үзбелі білезік аса дәлдікті, ыждағатты шеберлікті қажет етеді. Мұндай күмістен, алтыннан үзбеленген білезіктерді ауқатты кісілер қол сағаттың бауы ретінде де білектеріне таққан.

Жұмыр білезік – жұмыр күмістен иіліп істеледі. Оны көбінесе соғу, егеу және қалыпқа құю арқылы жасайды. Жұмыр білезіктің қоспаға түйіскен екі басын қою шығырман өрнектермен, сыртын неғұрлым нәзік және сирек өрнектермен оюлайды. Бір ерекшелігі жұмыр білезіктің екі басынан басқа жеріне көбінесе өрнек жүргізілмейді.

Топсалы білезік – ортасынан екіге қайырып ашуға, екі басын топса арқылы түйістіріп жабуға болатын білезік. Білезіктің екі басы бір-біріне ілмек, тиек арқылы жалғасады.

Қолқа білезік – шұжық тәрізді жұмыр, бірақ іші қуыс болып келеді. Соған қарай оны кей облыстарда шұжық білезік деп те атайды. Ол өте жеңіл әдемі болады. Сонымен қатар аса қымбат та тұрмайды. Оны кейде сал-серілер мінетін аттардың аяқтарына да салатын болған.

Түйіндей келе халық шеберлері зергерлік бұйымдар жасағанда адам баласының өнерге әсемдікке, сұлулыққа, нәзіктікке деген ынта құштарлығын өз туындыларында көрсете білуге барынша талпынған.

Айгүл ҮРКІНБАЕВА,  
ғылыми қызметкер



көзді білезік, орама білезік, құйма білезік, қос білезік, қуыс білезік, бес білезік, топсалы білезік, бұрама білезік, кавказ білезік, қолқа білезік, сом білезік, жалпақ білезік, жұмыр білезік, өбістірме білезік сияқты атауларды иемденеді. Бұл туралы «Қазақтың

білезік, кавказ сақина, кавказдалған күміс белдік деген атаулар осыдан шыққан. Кавказ білезіктің ақ күмісіне қара көк түсті өрнек жүргізіледі де, күміс қарала болып көрінеді. Кавказ (қарала өрнек) үлгісімен жасалған мүйіз, ирек гүл, жапырақ, бұрыш, өрнектері өте сәнді жасалады.

Бес білезік – бауыр сырты жалпақ, сағат бау тәрізді. Ортасында топсасы болады. Білезіктің екі басы түйісіп түйіменеленеді. Білектің сыртқы жағында күміспен немесе алтын шынжырмен шымжымдап қойған бес сақина бар. Сақиналар да өрнектеліп, тастан көз орнатылып әсемделеді. Білезікті білекке салардан бұрын осы бес сақинаны бес саусаққа киіп алады. Бұдан кейін білезікті топсасынан сыртына қарай қайырып білекке салады да екі басын қайтадан түйістіріп, түймелеп қояды. Білезік пен сақинаға әдемілік үшін асыл тастардан алуан түсті көз орнатып, үстіңгі бетіне ирек, мүйіз, құс қанаты, бөріқұлақ сияқты өрнектер жүргізіледі.

Жұмыр немесе жалпақ күмістің, не алтынның бетіне



кірсе, күш-қуаты біртіндеп алақан арқылы сыртқа шығады деген сенім қалыптасқан, сондықтан да әжелер әрі сәндігі үшін әрі соңғы күш-қуатынан айырылудан қорқып, білезігін қолынан тастамайтын болған. Білезіктегі өрнектердің мәнімен қоса, халық ұғымында қалыптасқандай, қорғаныш қасиетке ие сиқырлық күші бар деп саналады. Сондықтан өзге де тұмарлармен бірге баланың білегіне ақ-қара, қызыл-көк көзмоншақ тізбегін тағу дәстүрі осы уақытқа дейін халық арасында кең тарапдәстүр салтымыздан берік орын тепкен.

Сонымен қатар білезік – қорғаныш қызметін де атқарған. Оған қола дәуірінде қорымдардан табылған жұмыр білезіктердің ұштары ирелініп немесе қорғаныш қызметін білдіретін өзге де белгілермен сәнділенген дәлел бола алады.

Сондай-ақ білезік зарығып күткен («тәнірден тілеп алған») баланың екі аяғына салынатын күміс балдақ, шығыршық;

этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі) Энциклопедия анықтамалығында егжей-тегжейлі жазылған.

Қос білезік – жалпақ бауырлы тұтас, үстіңгі беті қатарласқан қос жұмыр етіп жасалады. Оларға көбінесе сынар өкше, ырғақ, бұрма, көз өрнектері салынады. Білекке қос білезік салу Қазақстанның барлық өңірінде көбірек кездеседі.

Әсем білезік түрі бұрама білезік – екі не үш бөлек жұмыр күміс шыбықтарды қосып бұрау арқылы істеледі. Бұрама білезіктің екі басына әдемілік үшін әр алуан бедері бар бунақтар, бұршақтар, жиектер келтіріп, кейде олардың үстіне тас көздер орнатып әшекейлейді.

Орама білезік аты айтып тұрғандай, қолға орай салатын белдік тәрізді жалпақ білезік. Білезіктің екі шеті кейде алтынмен апталып, көмкеріліп сызықталады. Ортасында жануарлар, өсімдіктер, геометриялық



## МАМАЙ БАТЫРДЫҢ БАСЫНАН КЕШКЕН БІР ОҚИФАСЫ

Халық артынан ере білетін, мықты беделі, ынтымақ, бірлік, береке, жолында еліне танылған батырлар аз емес. Ел үшін елдің көлешегі үшін жан аямай, қандай да болмасын тар жол, тайғақ кешулерден өтіп, халықты артынан ерте біліп, жер, су, құтты қоныс тауып беріп, ұрпақтар өмірін жалғастырған батыр – шын мәнінде халық батыры.

Ендеше, Мамай Жұмағұлұлы сондай халық батыры қазірде. Оған беріле сеніп «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» заманында соңынан ерген қарт Шыңғыс (Найман Күре) батырдың елі, қара қоныс, Басентінің үш ұлы, Кенжесопының екі ұлы, бәрі қосылып жетемалға тікелей байланысты болды емес пе? Сондықтан да халық батырлары еліне жайлы қоныс іздеп барлық күш-жігерін елі-жұртына арнады, кеудеге шыбындай жанын жүрегіндегі қызыл қанын, маңдайдан моншақтап аққан терін елім-халқым, ұрпағым деп өмірден өтті. Ел адамдарымен ақыл қосып, халықпен бірге болды, парасаттық көрсетті. Осы қасиет Мамай батырдан да толықтай табылып тұр. Ол халық батыры.

«Қалмақты шабысуға Мамай келген, Босағанын Шыңғыстың көзі көрген. Барған соң жеті Момын баласына, Хан Шыңғыс босады» – деп хабар берген.

(Шәкәрім)

Ал жеті Момын дегенде шежіреде көп аталардан, көп халықтан құралатыны белгілі ғой. Атап айтқанда, Қарасопының екі ұлы, Басентінің үш ұлы, Кенжесопының екі ұлы, бәрі қосылып жетуге болады. Бұдан жеті рулы ел шығады. Осылардан шыққан ел адамдарымен, халқымен ақыл қосып, хабар беруі Мамайдың халық сүйеніші екендігін көрсетеді.

Жоңғарлар 1740 жылы ғана қазақ жеріне бірнеше дүркін ірі-ірі шапқыншылық жасады. Ал 1741 жылы жаппай аттанып Есіл, Ор, Ырғыз, Елек өзендерінің бойына дейін бұзып жарып шықты. Осы тұста Қабанбай батыр мен Абылайхан, Мамай, бастаған қазақ жасақтары оларға батыл тойтарыс берді. Және жоңғар басып алған жерлерді босатып алып, қайта иеленді. Міне қазақтың халық батырларының ерліктерінің арқасында тарих танбалары тасқа осылай түсті.

Мамай батырдың халыққа деген әділдігі мен адалдығын паш етер бір шындық – Мамай батырдың да серіктері мен батырлары өсіп-өнген балалары болған. Олардың кейбіреулерін шежіреші қарттар былайша өрбітетін. Атап айтқанда інісі Мырза батыр, Бақай батыр, Төлен батыр, Сары батыр, Шонай батыр, Құнанғой батыр, Борсықбай батыр, Жанан батыр, Қарабас батыр, Қытайбек (қайын атасы), (қайын ағасы Тама руы) Көшкен батыр. Өз балаларынан Жолшора (Қарабас), Жолбарыс, одан Дулат батыр есімдері ел аузында сақталып, өз заманында осал батырлар болмаған. Бәрінің де өзіндік тарихы бар. Оны тізбелесек бірнеше мақалаға арқау болғандай.

1723 жылы жазда Еділ-Жайық, Арал бойынан, 1724 жылы көктемде Маңғыстаудан айрылған Кіші жүз рулары қиын жағдайға тап болып, Ойыл, Елек, Ор өзендерінің бойында бұрыннан тұратын өздерімен аталас елдердің маңайларына ауа көшіп барып, топтасып қоныстанса да, оларға батыстағы қалмақтардың шабуылдары дүркін-дүркін жалғасып отырған. Сондай бір кенеттен жасалған шабуыл кезінде бала жігіт Мамай жау қолына түсіп қалады. Мамайдың қолөнершілік қабілеті бар екен, соның арқасында садақшы сіреге тігілмей, аяқ-қолы кісендеулі болады. Бірде тілмаш арқылы жоңғарлар Мамайдың қолөнерші екенін сұрап-біліпті. Сонан соң қалмақтар Мамайдың қолдарын босатып, тек аяқтарына кісен салып, қасына күзетші қояды. Амалы жоқ Мамай дұшпандарға ағаш бұйымдар жасап беруге мәжбүр болады.

«Сегіз қырлы, бір сырлы» Мамай сыбызғыны жақсы тартады екен. Ол сыбызғымен күйлер тартқан шақта жоңғарлар қатты ұйып тындап, елтіп қалады екен. Бірақ қазақтың жас батырын жүдетіп, әлсіретіп ұстау мақсатымен торғауыттар оған жұмыстап тамақ бермейтін көрінеді. «Әйтеуір аштан өліп қалмасын, жұмысымызды істей берсін» – деп оған шамалы ғана тамақ беріп, әлсіретіп ұстапты. Сөйтіп жүргенде оған қалмақ шонжарының бір сұлу қызы ғашық болыпты.

Мамай өзіне ғашық болған қалмақ қызына бір кездескенде: «Мен қашып шықсам, сен маған ересің бе?» дейді. Сонда қыз еріп кетуге келіседі.

Қалмақтар қос атпен қашқан екі жастың қай жаққа кеткенін білмей, дағдарып тұрып қалады. Бір топ қалмақты бастап, қашқындардың соңына түсіп қуған Жора батыр қыз бен жігіттің қарасын алыстан көреді. Ол өзіне ерген жасақты бастап шықса да, олардан оза шауып, ақыры Мамайларды қуып жетеді.

Қуып жеткен қалмақ батыры Мамайға: «Өз еріктеріңмен беріліңдер! Егер берілмесендер, сендерді өлтіремін» – дейді әкірендей. Бірақ Мамай оның сөзін қабыл алмайды. Сонда Жора Мамайды жекпе-жекке шақырады. Мамай одан тайсалмайды. Екеуі бір-біріне найза ала ұмтылып, ат үстінде найзаласады. Қағысқан найзаларының сабы ортасынан сынады. Сонан соң екеуі қылышты алып, бір-бірін ала алмайды. Ақыры екеуі де аттарынан түсіп, жерде алысады. Алайда өзі аш күші толмаған он жеті жасар Мамай шаршаңқырап қалады да Жораны жыға алмайды. Сонда Мамай өзіне ерген бойжеткенге: «Не өзің көмектесіп, қынабымдағы қанжарымды қолыма ұстат, не Бөрібасарды қоя бер!» дейді. Мамайдың сөзіне кәпір қызы: «Қай жеңгенің менікі», деп теріс бұрылады. Сөйтіп опасыз қалмақ қызы өзі де болыспайды, игі де босатпайды осы сәтте күшігінен асыраған Бөрібасары ұмтылып шынжырды үзе-мүзе жау батырдың желкесінен ала түседі. Ыза кергенен Мамай да бір жақ қолын аса шапшандықпен босатып алып, қалмақты құлақ шекеден қойып жібереді. Сөйтіп есентіреп қалған қалмақты селебе пышақпен шаптан есіп жібереді. Қалмақ батыры Жора өкіріп құлапты. Сонда Мамай Жораны қару-жарағын, сауытын, дулығасын, тұлпарын олжалап ілгері аттанып кетеді. Содан ол қашан еліне жеткенше, қалмақ қызына үн қатпайды.

Мамай еліне аман жетіп, ағайын-туғанымен, жұртымен табысады. Туыстары Мамайдың аман келгеніне қатты қуанып, той жасайды. Той малын ел болып көтерген екен. Өзін тарту-таралғы әкеліп, жас та болса, бастай көрген Қанжығалы елінің мырзасы Нұрғожаға: «Аға, мына қалмақ қызын саған тарту еттім. Сіз мұны өзіңіз де әйел етпеңіз, балаңызға да әйелдікке бермеңіз, мұны есіктегі күн ретінде пайдаланыңыз, ит – опа, қатын – жапа деп бабалар дұрыс тұспалдаған екен ғой», деп Мамай кәпір қызын тарту еткен екен. Нұрғожа мырза оның сөзін мүлтіксіз орындапты.

Қорыта келе біздің осындай мамыражай күнде өмір сүріп жатқанымыз батыр бабаларымыздың даналығының, батырлығының арқасы дегім келеді. Бұл мәңгілік өшпес тарих мүмкін бабалар ерлігін әспеттеген аңыз да шығар. Келешек ұрпаққа батыр бабаларымыздың өмір жолдары насихатталып отырса, бұл игі дәстүр өз жалғасын таба берері хақ.

И.ДЖАЛИШЕВА,  
кіші ғылыми қызметкер

## БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ



## АБАЙДЫ ҰЛЫҚТАДЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейінің ұйымдастырумен «Адамзаттың алыбы – ақын Абай» атты фото-көрме және мәдени іс-шара өтті.

Ұлағатты сөздері ұлттың ұранына айналған қазақ халқының ұлы ақыны, философ, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына орай өткен бұл шара Түркістан қаласындағы «Балауса» лагерінде ұйымдастырылды. Бүлдіршіндер «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі қорында сақталған Абай Құнанбайұлының өмір жолы мен шығармашылығына арналған суреттері мен кітаптарынан жасақталған көрмені тамашалады. Жиынға қатысқан балалар Құнанбай мен бала Абайдың өмірінен көрініс көрсетіп, ұлы ақынның өлеңдерін оқып, әндерін шырқады.



## ШЕТЕЛ ЖУРНАЛИСТЕРІ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНДЕ

Түркістан қаласына шетелдік тілшілер келіп, Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен танысты.

БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен мәдени баспасөз-турының мақсаты – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын халықаралық деңгейде насихаттау.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Мәдениет және спорт министрлігі, Түркістан облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен сапар барысында ЮНЕСКО тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және ондағы жәдігерлермен танысқан БАҚ өкілдері Жерасты кылуеті, Жұма мешітін де аралады.

Аустрия, Германия, Италия, Корея, Қытай, Мысыр, Ұлыбритания, Үндістан, Франция,

Швеция, Швейцария сынды мемлекеттердің, атап айтқанда «Specchio Economico» (Италия), «Global Times» (Қытай), «Le Figaro» (Франция), «Korean Broadcasting System» телеарнасы (Корея), «The Holiday Magazine» (Ұлыбритания) 20-ға жуық журналист «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы және археолог мамандардан сұхбат алып, пікір алмасты.

«Жаһандық әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет» жобасы шеңберінде төртінші рет өткен баспасөз туры туризмді насихаттау және жалпы Қазақстанның дамып келе жатқан мемлекет ретіндегі оң имиджін қалыптастыруға бағытталған.



## МУЗЕЙ БАЗАСЫНДАҒЫ БІЛІКТІЛІК КУРСЫ

Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің базасында музей қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсы өз жұмысын бастады, деп хабарлайды ҚазАқпарат баспасөз қызметі.

Қазақстанның тарихи және мәдени туристік әлеуетін халықаралық деңгейде таныту және туризмді дамытудағы ілкімді қадамдарға қажетті біліктілікті шыңдау бағытында қолға алынған басқосуды «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов ашып, дәріс жүргізуші мамандарды

таныстырды. Сондай-ақ, туристермен жұмыс жасауда заман ағымына сәйкес біліктілік пен тәжірибені шыңдай отырып, шетелдік тәжірибені де меңгеру, жан-жақтылықты қалыптастыру – музей үшін ең басты міндет екенін айтқан қорық-музей башысы семинар қатысушыларына сәттілік тіледі. Біліктілік курсы өз жалғасын табуда.



## ҚОЛТАҢБА

## «ЕСІҢЕ МЕНІ АЛҒАЙСЫҢ»

Әбдіхалықова Елена Мәжитқызы шығармашылық жолын мектеп қабырғасында жүргеннен бастады. 1986 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданында өткен аудандық айтысқа қатысып жүлдегер атанды. 1987 жылы облыстық ақындар айтысында жүлдегер атанған Елена жоғары оқу орнының қабырғасында жүрген уақытында шығармашылығын арттыра түсті. Халықаралық-республикалық айтыстарда жеңімпаз атанған ол жазба поэзияның өкілі ретінде де танымал, 2000 жылы «Қарашық» атты өлеңдер мен әндер жинағы, 2004 жылы «Бақыт құсы», 2008 жылы «Шынар көлі» атты жыр жинағы жарыққа шықты. Бір топ жырлары 2000 жылы «Өлке» баспасынан шыққан. Бірнеше республикалық жыр мүшәйрасының жеңімпазы.

Танымал әнші – композитор. Халық арасына «Есіңе мені алғайсың», «Сыр елі», «Маңғыстау», «Көздеріңе ғашықпын», «Сені көрдім», «Барды жылдар жылжып», «Қош дерсін», «Аманат», «Қазақ елі», «Доспен қоштасу», т.б. 60-қа тарта әндердің авторы әрі орындаушысы. Оның әндері Мадина Ералиева, Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Майра Илиясова, Рамазан Стамғазиев, Тамара Асар, Жұбаншыл Жексенұлы сияқты белгілі әншілердің ғана емес, жалпы халықтың сүйіп орындайтын әндеріне айналған. 2000 жылы «Есіңе мені алғайсың» атты аудио-ән жинағы жарық көрсетсе, 2004 жылы «Қош дерсін...», 2010 жылы «Көздеріңе ғашықпын» атты компакт-дискісі шықты.

2001 жылы Қызылорда «Сыр елім менің» атты шығармашылық кеші, 2002 жылы Алматыдағы Ғалымдар үйінде, 2004 жылы Астанадағы




Конгресс-холлда «Есіңе мені алғайсың» атты шығармашылық кештерін өткізді.

«Сыр сұлейлерінің жазба айтысы» деген филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғады.

1996 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағымен наградталған.

Дайындаған  
**И.ДЖАЛИШЕВА,**  
кіші ғылыми қызметкер



## ТАЙҚАЗАННЫҢ ҚҰЙЫЛҒАНЫНА – 620 ЖЫЛ

Кентау қаласындағы Қарнақ ауылында Тайқазанның құйылғанына 620 жыл толуына арналған жиын өтті.

Аталған шараға Тайқазан тарихын зерттеушілер мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұжымы және Тайқазанды құйған шебер Әбділ Әзиз Шарафаддин Тебризидің ұрпақтары қатысты.

Жиын аясында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі арнайы көрме ұйымдастырды. Көрмеге Тайқазанның тарихынан сыр шертетін суреттер қойылды.

Сондай-ақ Тебризи ұрпақтары тарихи жәдігерлерді жасап шыққан бабаларының рухына арнап ас беріп, Құран бағыштады.

Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде Әмір Темір заманынан қалған құнды жәдігерлердің бірегейі – Қазандық бөлмесінде тұрған қасиетті Тайқазан. Бұл қазан 1399 жылы 25 маусымда Түркістан қаласының батысында, 27 шақырым жерде орналасқан Қарнақ елдімекенінде, сирек кездесетін жеті түрлі асыл металдың (мыс, мырыш, алтын, күміс, қола, қорғасын, темір) қоспасынан құйылған. Қазанның салмағы – 2 тонна, сыйымдылығы – 3 мың литр, биіктігі – 1,60 м, диаметрі – 42 см, тұғырының биіктігі – 0,54 м, диаметрі – 0,607 м.

Тайқазанның сыртқы бөлігінің өрнектелуі бес бөліктен тұрады. Бірінші жоғарғы



бөлігінде қазанды айнала сулу қолтаңбасымен Құран Кәрім аяттарының үзінді жазылып, ол пайғамбар хадисімен жалғасады, одан соң қазанның кімге арнап жасалғаны, аяқталған жылы берілген. Екінші қатар ірі он кубба және он өрнекті тұтқа арқылы жиырма катушка бөлінген. Оның қатар орналасқан екі бөлігіне сулу қолтаңбасымен шебердің өз аты-жөні жазылған болса, қалған он сегіз бөлігінде куфи жазу үлгісімен парсы тілінде тілек сөз берілген.

Үшінші қатарда Құдайдың құдіреті жайлы ескерту куфи жазу үлгісімен 22 рет қайталанып жазылған.

Төртінші қатардағы қазанның бүйір бөлігінде тұтқа өрнектеріне ұқсас үлкен жапырақ түріндегі он ою бедерленіп, жиырма кіші кубба орналасқан. Аяқ тұғырымен шектесетін бесінші бөлігінде қиылысқан доға сипатындағы

өрнектер бедерленген. Жалпы формасы жүрек пішініне ұқсас және қазақтың дәстүрлі қошқар мүйіз оюларының нәзік үйлесімді пірімдерінен тұратын қазандағы өрнектер Ахмет Ясауидің хал, яғни жүрек ілімінің мағынасына мензейтіндей. Осы жүрек пішіні мен қошқар мүйіз оюларының сан алуан композициясын кесендегі лауша, қазанның тұтқасы, шырағандар, есік алқасы, тағы басқа көптеген заттан көріп, олардан ортақ ұлттық нақыштағы біртұтас идеялық бірлікті аңғарамыз.

Бұл туралы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің баспасөз қызметіне сілтеме жасаған «didarbek.kz» хабарлайды.

**Айнұр ЖАНЫСБАЕВА,**  
«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің қор сақтау бөлімінің қызметкері

## ХАБАРЛАМА

Шілде айында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қайырымдылық және демеушілік қорына 4 445 833 теңге түсті. Осы сомдан: банк қызметіне – 13 001,66 теңге, археологиялық қазба жұмыстарына 1 832 815 теңге, мәдени іс-шара ұйымдастыруға – 1 790 000 теңге, шаруашылық жұмыстарына – 409 131 теңгесі жұмсалды. Жалпы шілде айындағы шығыстардың сомасы 4 044 947 теңгені құрады. Қалған сома келесі айға жоспарланған жұмыстарға жұмсалады.

«Әзірет Сұлтан»  
қорық-музейінің  
баспасөз қызметі



ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан»  
мемлекеттік тарихи-  
мәдени қорық-  
мұражайы

Бас редактор  
**Әбдікерім МАНАПОВ**

Жауапты хатшы  
**Талғат ОРАЗОВ**

Беттеуші-дизайнер  
**Бекболат АБЗАЛҒАЛИ**

Редакцияның  
мекенжайы:

Түркістан қаласы,  
Тәуке хан даңғылы,  
282 «А» үйі  
e-mail:  
azret-sultan@mail.ru

Байланыс:  
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан  
Республикасының  
Ақпарат және коммуни-  
кациялар министрлігінде  
2016 жылғы  
21 қыркүйекте тіркеліп,  
№16154-Г күшігі  
берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған  
материалдарды көшіріп  
басқан жағдайда  
сілтеме  
жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы  
мен жарнама  
мазмұнына редакция  
жауап бермейді.

■ Қолжазбалар  
өңделеді және кері  
қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның  
компьютер орталығында  
теріліп, беттелді.

«ERNUR-print»  
ЖШС-нің  
баспаханасында  
басылды.  
Шымкент қаласы,  
Т.Әлімқұлов көшесі,  
22 үй.

Кезекші редактор  
**Мұхтар ИСАЕВ**

Тапсырыс №

## ГАУХАР АНА КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДА САПАР ОРТАЛЫҒЫ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Мәдениет және спорт министрлігінің Заң департаментінің басшысы Күміс Қарсақбайқызы Гауһар ана кесенесіне келіп, сапар орталығының құрылысын жүргізетін мөрдiгерлермен кездесті.

Гауһар ана кесенесіне келушілер мен туристерге қолайлы жағдай жасау үшін қолға алынған сапар орталығында ақпараттық орталық, қонақүй мен жатақхана, жуыну бөлмесі, автотұрақ, техникалық бөлме қарастырылған.